

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ: 373

Қолжазба құқығында

ТУЛЕГЕНОВА ГАЗИЗА АДИЛБЕКОВНА

**Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы
оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу**

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия докторы(PhD).,
қауымдастырылған профессор м.а
Г.С. Майлыбаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы
профессор Л.В. Мардахаев

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	19
1.1 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелерінің қазіргі жайы	19
1.2 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	49
1.3 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі	73
2. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ	86
2.1 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұны	86
2.2 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің тәжірибелік әдістемесі	107
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері	124
ҚОРЫТЫНДЫ	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	131
ҚОСЫМШАЛАР	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыс мазмұнында сілтеме жасалынған нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487-IV ҚРЗ, Астана, Ақорда; Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (14 желтоқсан, 2012 ж.);

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12.2019 ж., ҚР Үкіметінің № 988 қаулысы;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы// Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20580;

Педагогтің кәсіби стандарты. //«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы. Білім және ғылым Министрінің 16 қараша 2009 жылғы № 521 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Үздік отыздыққа अपарар «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 ж.);

ҚР тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 12 сәуір 2017 ж.;

«Педагог мәртебесі туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ, Нұр - Сұлтан, Ақорда;

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек;

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы. ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Бастауыш мектеп - бұл бастауыш мектеп жасындағы балаларға бастауыш білім беретін оқу ордасы.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу - бұл олардың патриоттық әлемдегі объективті орны мен құрылымы туралы, яғни әлеуметтік-мәдени факторлар мен жеке тұлғаның құрылымы арасындағы әртүрлі құндылықтардың өзара байланысы туралы оқыту.

Патриоттық сезім – келтірілген киелі ұғымдармен байланысты: қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйсіну секілді т.б. эмоция спектілеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселелерін шешуді де көздейді.

Патриоттық сезім – жоғары сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз. Өйткені ол «қоғамдық мәнді және көңіл күйге байланысты моральдық сезімдерге» қатысты болып келеді, ол сананың жетілуімен тығыз байланысты дамиды. Қоғамдық тәрбиенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып, оқушының іс-әрекеті, мінез-құлқынан, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады.

Патриоттық тәрбие – жеке тұлғаның рухани дамуының негізі және тұлғаның қоғамға, еңбекке, өзіне-өзі деген саналы қарым-қатынасының тұтас жүйесі түрінде көрініс табады.

Патриоттық тәрбие – тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен патриоттыққа тәрбиелеу қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары түріндегі ерекше тұлғалық құрылым.

Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу моделі – патриоттыққа тәрбиелеу жүйесі туралы бастапқы білім негіздері қалыптасқан, патриоттыққа тәрбиелеу танып, бағалайтын және оны таңдайтын, өзіндік сана-сезімі қалыптасқан, рухы жоғары, патриоттық тәрбиесі анықталған тұлға.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ҚР БтЗ – Қазақстан Республикасы Білім туралы заңы;

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ҚР ББЖҒДМБ – Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

ББРЖБ – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы;

ҚР АПТМБ – Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы

ҚР ББЖҒД МБ – «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

ПКС – Педагогтің кәсіби стандарты;

ҚР ҰББТТ – Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы;

ПМТ ҚРЗ – Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы;

ҚР ҰББТТ – Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы.

БТ – Бақылау тобы;

ЭТ – Эксперимент тобы.

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың республика халқына жолдауларында ұлтаралық бірлік, татулық және түсінушілік мәселесіне аса мән береді. 2007 жылғы жолдауда «Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары», - деп атап көрсетсе [1], кезекті халыққа жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы және оның жетінші бағыты, жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың - көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімдікті туындатса [2]. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық жүзеге асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларын мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыруға нақты талаптар қойылды [3].

«Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасында» «патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүйіп құрметтеуге, таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеп, игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, т.б. қалыптастыруы қажет» [4], - деп заманауи жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани бай қазынасы және адамгершілік құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіре түсу, өз Отанының патриоты ретінде тәрбиелеу қажеттілігі туындап, егемен еліміздің болашақ ұрпағы – бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді оятып, патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге аспақ.

«Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу тұжырымдамасында» [5], «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында» азаматтардың бойында жоғары патриоттық сана-сезімді, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбиелеу жүйесін мақсатты дамыту арқылы Отан мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікке тәрбиелеу қажет екендігі атап көрсетілді [6].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі былай көрініс тапқан: «...азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін құрметтеу, қажеттігі айтылады [7]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы 27.12.2019ж [8], ҚР Үкіметінің № 988 қаулысында [9].

2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы және соған сәйкес педагогқа қатысты қызметтері, іс-әрекеттеріне байланысты өзгерістерінің болуы зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларымен оқу-тәрбие үдерісін жүргізу барысында педагогтың кәсіптік шеберлігін, зерттеушілік қызметін, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі міндеттелгендігін байқаймыз [10]. Осы ретте, бастауыш сынып оқушыларында өз Отанына, өз халқына, ана тіліне, ұлттық мәдениетке, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйіспеншілікпен және құрметпен қарау маңызды екендігі, «патриоттық», «патриоттық тәрбие», бастауыш оқу-тәрбие үдерісі негізінде патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр.

Осыған орай, жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу мәселесіне байланысты зерттеу жүргізген философтар, психологтар, педагогтердің ғылыми еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жасалды.

Бастауыш мектеп оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беру теориялық-әдіснамалық негіздерін философиялық мәнділігі, С.Е. Нұрмұратов [11], А. Айталы [12], Т.Қ. Ғабитов [13], Б.С. Ерасов. [14] т.б., тарих саласы бойынша Л. Ахметова [15], Ж. Қасымбаев [16], М. Қозыбаев [17-18], Қ. Мыңжанұлы [19], О. Смағұлов [20], Т. Тұрлығұлов [21], Т. Жұртбаев [22], М. Шоқай [23], филологиялық еңбектерде М. Әуезов [24], М. Жолдасбеков [25], Қ. Жұмаділов [26], Н. Келімбетов [27], М. Мағауин [28], Қ. Мұқаметқанов [29], С. Мұқанов [30], Қ. Салғарин [31], А. Сейдімбек [32-33], т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Жас ұрпақ бойында өз еліне, жеріне, туған ортасына деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениеттің тұлға бойында қалыптасу барысы ғұлама ағартушылар Ш. Уәлиханов [34], Ы. Алтынсарин [35], А. Құнанбаев [36], еңбектерінен, сондай-ақ, ХХ ғасырдың 1-жартысындағы педагог-ағартушылар М. Жұмабаев [37], Ж. Аймауытов [38], Ш. Құдайбердиев [39], М. Дулатов [40], А. Байтұрсыновтың [41], рухани мұраларынан бастау алды десек, артық болмас.

Патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негізін алыс және жақын шетел ғалымдары В.Н. Мясичев [42], Л.С. Рубинштейн [43], Д.Н. Узнадзе [44], А.И. Титаренко [45], А.В. Кирьякова [46], Н.Г. Казакина [47], қарастырса, орта және жоғары сыныптағы оқушылар патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері педагогикалық ғылымда кеңінен талқыланады, бұған Н.И. Новиков [48], Д.Д. Семенов [49] және т.б. авторлардың еңбектері дәлел бола алады. Патриотизмнің мазмұны, принциптері мен әдістері Н.И. Болдырев [50], И.П. Терентий [51] зерттулерінде көрініс тапқан.

Патриоттық тәрбие беру мәселелерін қазақстандық ғалымдар да зерделеуде. Қазақстандық ғалымдар К.Ж. Қожахметова [52], С.Т. Иманбаева [53], Ш.Т. Таубаева [54], Г.К. Белгібаева [55], А.К. Дуйсенбаев [56], Г.С. Майлыбаева [57] және т.б. еңбектерінде ұлттық

мәдениеттің және халық педагогикасы тәжірибесінде ұсынылған білімнің өскелең ұрпақты азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеудегі маңызы нақтыланса, ғалымдар Г.Қ. Нұрғалиева [58], Б.К. Құдышева [59], М.И. Кикина [60], К. Найманбаева[61] тұлғаның әлеуметтік даму құндылықтарын айқындау және патриоттыққа тәрбиелеу мәселелерін қарастырған. С.С. Тілеуова [62], Д.А. Нұрғалиева [63] еңбектерінде патриоттыққа тәрбиелеудің педагогикалық негіздері мен тиімді жолдары анықталған.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қалыптасу ерекшеліктері А.Қ. Аренова [64], Ж.С. Сардарова [65], Н.С. Жұмашева [66], А.Б. Медешова [67], С.М. Төрениязова [68] т.б. ғалымдардың еңбектерінде орын алса, болашақ мұғалімдерді оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеуге мәселесі бойынша А.С. Карпыкбаева [69] зерттесе, сыныптан тыс спорттық шаралар өткізу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша З.Ж. Айджанова [70], А.Н. Иманбетов [71] ғылыми еңбектерінде зерттелген.

Жоғарыда аталған еңбектердің барлығы оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеу мәселесінің бірқатар зерттелгенін айқындайды. Дей тұрғанмен, бұл мәселе осы кезге дейін зерттеу нысанына алынбаған. Сол себепті бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу қажеттілігі мен бұл мәселенің теориялық тұрғыда зерттеліп, ғылыми әдістемелік жағынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі және аталмыш мәселенің қоғам талабына сай қарастырылмауы арасында қарама-қайшылық орын алғандығы байқалады. Осы қарама-қайшылықтар біздің проблемамызды айқындап, зерттеу мәселесі мен тақырыбын **«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу»** деп белгілеуімізге негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздерін анықтау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

Зерттеу нысаны: бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге негіз болатын адамгершілік құндылықтар жүйелілік негізінде берілсе, патриоттыққа тәрбиелеудің жүйесі педагогикалық мақсатқа қарай жүзеге асырылса, **онда** бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу құндылығы қалыптасады, **өйткені** патриоттық тәрбие оқу үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің міндеттері:

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындау;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы

оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау;

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесін даярлау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің жетекші идеясы: бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу, орта мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнында ата-бабамыздың бай мұрасының жүйеленіп, қазіргі ақпараттық қоғам жағдайындағы мүмкіндіктермен үйлестірілуіне байланысты.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: философиялық таным теориясы және диалектикалық принциптер, жеке тұлғаның дамуы жөніндегі психологиялық-педагогикалық теориялар, құндылықтар туралы әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық тұжырымдамалар, патриоттық тәрбие теориялары.

Зерттеудің дереккөздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтардың, педагогтардың еңбектері, 2007 ж «Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары» жолдауы, «Қазақстан – 2050» халыққа жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңы, ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері мен автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңі (2018-2019ж.ж.) мәселенің теориялық тұрғыда мәнін түсінуге, ұғынуға арналды. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты айқындалды. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелеріне арналған философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және этнопедагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың даму

ерекшеліктері жөніндегі зерттеу жұмыстары қарастырылды. Гуманитарлық пәндердің оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқу пәндерінің мазмұндары талданды.

Екінші кезең (2019-2020ж.ж.) Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді жүзеге асырудың теориялық моделі жасақталды. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге арналған әдістеменің тиімділігі тексерілді. «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2020-2021 ж.ж.) Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты педагогикалық-тәжірибелік жұмыстары бойынша педагогикалық тұжырымдар жүйеге келтірілді, нәтижелері диссертация мазмұнына енгізілді, зерттеу қорытындылары негізінде әдістемелік ұсыныстар берілді, диссертацияның рәсімделуі аяқталды.

Зерттеу әдістері: зерттеу проблемасы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, бастауыш мектептегі оқу бағдарламалары мен гуманитарлық оқулықтардың мазмұнына талдау жасау бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісін бақылау, талдау, модельдеу, оқушылармен педагогикалық-тәжірибелік жұмыс ұйымдастыру, алынған мәліметтерді өңдеу, қорытындылау.

Зерттеу базасы: Тәжірибелік-зерттеу жұмыстары Талдықорған қаласы №16 орта мектеп-гимназиясы КММ және Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектебі КММ жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні:

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі даярланды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексерілді, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған. (26.11.2020., хаттама №4) ISBN 978-601-216-705-4 оқу-әдістемелік құралы дайындалып, тәжірибеге ендіріліп,

ендіру актісі және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік. 13.01.2021, №14407 алынды;

- «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік. 17.03.2021, №15977 жасалып нәтижесі тәжірибеде дәлелденуде;

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде, қазіргі қашықтықтан оқыту кезеңінде Quizizz платформасын пайдаланып «Кім жеңімпаз» байқауы ұйымдастырылды.

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әдістемесінің тиімділігі педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексерілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде бастауыш мектеп оқушысының дүниетанымы мен сенімдеріне, ұстанымдары мен мінез-құлқына, оның жас ерекшелігіне сәйкес әлеуметтік тәжірибесіне, өзіндік санасы мен сезімдік толғаныстарына негізделеді. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу - тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен адамгершілік құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары түріндегі ерекше тұлғалық құрылым;

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің моделі;

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге арналған әдістемелік кешеннің жүзеге асырылуы ұлттық тұлға қалыптасуының өзегі болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеудің логикалық құрылымымен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен, зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес зерттеу әдістерін таңдаумен, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолданумен және олардың тиімділігін бастауыш мектепте тексеріп, пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс нәтижелерін сынақтан өткізу мен ендіру.

Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері келесі ғылыми басылымдарда жарық көрді:

- Бастауыш сыныпта рухани жаңғыру аясында оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеу. Абай атындағы Қазақ ҰПУ. «Хабаршы». «Педагогикалық ғылымдар сериясы», №3(59),2018;

- Формирование патриотического воспитания младших школьников в современных условиях. Қазақстанның ғылым мен өмірі. Кксон. Халықаралық ғылыми журнал №1(74) 2019 ж, 316;

- Қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы халық фольклорының рөлі. Абай атындағы Қазақ ҰПУ. «Хабаршы». «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, №2(62). 2019;
- Қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы халық фольклорының рөлі. Абай атындағы Қазақ ҰПУ. «Хабаршы». «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, №2(62). 2019;
- Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған (27.01.2021., хаттама №4) оқу-әдістемелік құрал. ISBN 978-601-216-705-4 Талдықорған 2021;
- Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған. Электронды оқу құралы. 13.01.2021, №14407;
- Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу – руханилықтың бастауы. Materials of the V International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions» November 27-29, 2019 San Francisco (CA, USA) Volume II San Francisco, 2019, 1196;
- Формирование гуманистических ценностей в контексте патриотического воспитания младших школьников. Международной научно-практической конференции. «Современные проблемы образования в области физической культуры и безопасности жизнедеятельности», 9-10 марта 2021;
- Гуманистические ценности как фактор патриотического воспитания младших школьников. Актуальные вопросы и современные аспекты сборник статей VII Международной научно-практической конференции, Состоявшейся 10 мая 2021г. в г. Пенза МЦНС «НАУКА и просвещение»;
- Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу – рухани құндылықтың негізі. «Білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламалары: оқу үдерісін нәтижелі ұйымдастыру мен құзыретті маман даярлау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік (интернет конференция). Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті. 03-04.05.2019;
- Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқытуда оқушылар патриоттыққа тәрбиелеу. Әл-Фарабидің 1150 жылдығына және «Рухани жаңғыру» мақаласының 3 жылдығына арналған «Ұлы дала ұстазы» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Өскемен, 10 сәуір 2020;
- Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу-руханилықтың бастауы. «Жаңартылған білім беру: ЖОО мен орта мектеп тәжірибесі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция. «Баишев Университеті». Ақтөбе, 2020;
- Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік –құндылықтарын қалыптастырудың негізі. «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» Республикалық ғылыми-теориялық конференция Материалдар жинағы 28-29 маусым 2019 ж. Талдықорған қ.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімде зерттеудің көкейкестілігі, нысаны, пәні, мақсаты, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, дерек көздері, зерттеудің әдістері мен негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық мәні және қорғауға ұсынылатын қағидалары баяндалды.

«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталатын **бірінші бөлімде** оқу үдерісінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің тарихи-педагогикалық алғышарттары, гуманитарлық пәндер арқылы оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеуде бастауыш білім беру сатысындағы өзіндік ерекшеліктері, бастауыш мектептегі гуманитарлық пәндерінің негізінде бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу әлеуеті анықталды, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық моделі жасалып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері берілді.

Бастауыш сынып оқушыларындағы патриоттық тәрбие процесі олардың әзірге шектеулі түрдегі тәжірибелерін, алған білімдерінің сипаты мен көлемін, оқыту мен тәрбие берудің жалпы міндеттерін ескере отырып құрылады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау бастауыш сынып оқушыларын білім беру процесінде қолданылуы керек осындай құнды психологиялық ерекшеліктермен сипатталатындығын көрсетеді.

Н.С. Лейтес меңгеру, білімді жинақтау кезеңі туралы, беделге сеніммен бағыну, жоғары сезімталдық, зейінділік артықшылықтары бойынша игеру кезеңі туралы сөз қозғайды [74].

А.А. Люблинскаяның көзқарасы бойынша білім беру процесінде осы психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, а) балалар өмірінің мазмұнын байытады; б) құрдастарымен қарым-қатынасты ажыратады, мұғаліммен әр түрлі жеке қатынастар орнатады [75].

Осы жұмыс аясында біздің зерттеуіміз үшін «бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу» ұғымын және онымен байланысты «патриоттық тәрбие» және «патриотизм» ұғымдарын талдау маңызды болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде «патриоттық тәрбие» ұғымының әртүрлі түсіндірмелері берілген.

Психологиялық-педагогикалық сөздікте патриотизм «өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, өзінің жеке және топтық мүдделерін елдің ортақ мүдделеріне бағындыруға, оған адал қызмет етуге және оны қорғауға дайын болу» деп анықтама беріледі [14].

Үлкен энциклопедиялық сөздік «патриотизмді» «Отанға деген сүйіспеншілік; туған жеріне, тұрғылықты мекеніне деген ынтықтық» деп анықтайды [12, б. 11].

Зерттеу барысында біз философиялық сөздікте берілген «патриотизм» ұғымының анықтамасын негізге алдық: «Патриотизм (грек. patris-отан, атамекен) - бұл адамгершілік пен саяси принцип және Отанға деген сүйіспеншілікті, оған деген адалдықты, өткені мен бүгіні үшін мақтанышты, Отан мүдделерін қорғауға деген ұмтылысты білдіретін әлеуметтік сезім» [6, б. 5].

Философиялық еңбектерді талдау патриотизмді моральдық принцип ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықты, оның өткені мен бүгіні үшін мақтанышты, өз Отанының мүдделері үшін қызмет етуге дайын болуды білдіреді.

С.Т. Иманбаева «патриотизм» - жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті, сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін детерминант болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны «мәдениет - тарих - білім» деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды деп, елдің мемлекеттік идеологиясына негізделген қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді [53, б.25].

Патриоттық тәрбиемен байланысты проблемаларды талдау бастауыш мектепте патриоттыққа тәрбиелеу жүзеге асыру бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керектігін нақтылауға мүмкіндік береді, өйткені бұл жас аралығына патриоттық тәрбиені жүзеге асыру кезінде ескерілуі керек психологиялық сипаттамалар сәйкес келеді:

- бұл жас кезеңі білімнің қарқынды жинақталуымен, олардың ішінара игерілуімен, мұғалімнің беделіне сенімді бағынуымен, жоғары сезімталдықпен, ұқыптылықпен сипатталады;

- бастауыш сынып оқушылары өздерінің мінез-құлықтарын біледі, өздерін басқалармен салыстырады;

- бұл жас аралығында жүйке жүйесі жетіле түседі, баланың психикасы тез дамиды;

- бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы тұрақсыздықпен әрі жинақылықтың болмауымен, зеректікпен және балғындықпен, «пайымдаушылыққа құмарлықпен» сипатталады;

- назары еріксіз, жеткілікті түрде тұрақты емес, көлемі бойынша шектеулі болады;

- бастауыш сынып оқушыларының жасы - адамның іс-әрекет субъектісі ретінде әлеуметтік болмысының басталуы, бұл жеке тұлғаның жаңадан қалыптасуының факторы болып табылады.

- бұл жас жеке тұлғаның жағымды қасиеттерін, оның ішінде патриотизмді тәрбиелеудің барынша секемшіл кезеңі болып табылады. Көнгіштік, оқушылардың иланғыштығы, сенгіштігі, еліктеуге бейімділігі және мұғалімнің орасан зор беделі бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеуде

халықтық педагогика құралдарын қолдану мәселесін сәтті шешуге қолайлы жағдай туғызады. Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі осы жас аралығындағыларға патриотизмді жеке тұлғаның қасиеті ретінде дамыту ерекшеліктерімен, сондай-ақ жалпы бастауыш сынып оқушысы тұлғасының адамгершілік дамуының ерекшелігімен анықталады. Бұл ерекшелік, ең алдымен, осы жастағылардың ортақ белгілерімен алдын – ала анықталады, атап айтқанда, бастауыш сынып оқушысының сыртқы әсерлерге өте күшті сезімталдығы, оның эмоционалды саласының әсерленгіштігі, жаңаны игеруге бейімділігі, қабылдаудың айқындылығы. Бастауыш сынып оқушылары бейнелі түрмен ойлайды, ашық айқын, әсіресе, көркем түрге енген оқиғалар мен фактілерді эмоционалды түрде қабылдайды. Осылайша, патриоттық сезімдерді тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыра отырып, оның педагогикалық тиімділігін қамтамасыз ету арқылы мұғалім жұмысты жоғары эмоционалды деңгейде жүргізуі керек. Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің мақсаты - патриотизмді қалыптастыру.

Н.В. Ипполитова патриотизмді моральдық принцип және күрделі мазмұны бар интегративті моральдық сапа ретінде қарастырады. Н.В. Ипполитованың пікіріне қосыла отырып, біз патриотизмді жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастырамыз. Бастауыш сынып оқушысының патриотизмі оның жеке басының адамгершілік келбетінің бір жағы ретінде танылудың айқындығымен және эмоционалдылығымен, сонымен бірге ұғынудың жеткіліксіздігімен, патриоттық идеялар мен сезімдердің жеке тұлғаның жалпы бағдарымен жеткіліксіз түрдегі байланысымен сипатталады. Патриоттық тәрбиенің маңызды белгілерінің бірі ретінде жеке адамды қоғаммен үйлестіру, оған жеке адамды бағындыру қабілеті бастауыш мектеп жасында әлі жеткілікті дамымаған[178, б.12].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, патриоттық тәрбие бастауыш сынып оқушыларының жеке басының негізгі құндылықтарын, олардың ұлттық сана-сезімін, патриотизмін, ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі деп қорытынды жасауға болады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау бастауыш сынып оқушыларын патриоттық тәрбиелеуге арналған көптеген зерттеулерге қарамастан, осы аталған жан-жақты мәселенің барлық аспектілері жеткілікті түрде шешілмегенін көрсетеді.

Қазіргі заманғы қоғам жағдайында патриоттық тәрбиеге ерекше назар аудару қажеттілігі, сондай-ақ бала тәрбиесін ерте жастан бастау керек екендігі ешкімге күмән тудырмайтыны анық, алайда кейбір мәселелер зерттеушілердің назарынан тыс қалып келуде. Атап айтқанда, біз қарастырып отырған мәселеге сәйкес қазіргі заманда бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу, жалпы білім беретін мектепте осы процесті теориялық және әдістемелік тұрғысынан негіздеу қызығушылық тудырады.

Жалпы білім беретін мектептердегі теория мен практиканың жай-күйін талдау барысы:

- қазақстандық патриотизмнің мәнін, мазмұнын, құрылымын, қазақстандық қоғамда болып жатқан негізгі өзгерістер контекстінде оның

өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі рөлі мен орнын неғұрлым терең және жан-жақты талдау қажеттілігі;

- қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, жеке және топтық мүдделері мен құндылықтарын ескере отырып, олардың бойында патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі әрекеттерді түбегейлі жақсарту, қазіргі заманғы болмысқа сәйкес келетін, бастауыш сынып оқушыларында патриотизмді тәрбиелеу құралдары.

- қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртудағы жетекші бағыттардың бірі ретінде бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу қажеттілігін және оны мектеп практикасында жеткілікті нәтижелі іске асырылмауын мойындау арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі мәселенің өзектілігі мен теориялық дамымауы біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбын таңдауды анықтап берді.

Қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру мәні мен оның түпкі нәтижесін қайта қарауды талап етуде. Бүгінгі азаматтың білімділігі, шығармашылық ізденіске қабілеттілігі сияқты тұлғалық сапалары елдегі саясаттың, мәдени дамудың түпкі негізіне айналып отырған кезде барлық білім беру мекемелерінің басты назарында оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру болары сөзсіз.

Педагог ғалым К.Ж. Қожахметова мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп ұйымдастыру және жасұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде адамгершілік құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруды көздейтін этноәлеуметтік рольдерге баулуды ұсынады[52, б. 79].

Осы жағдайларды ескере отырып, зерттеу жұмысымызда бастауыш мектепке келген ақ ниетті, балғын бүлдіршіндердің патриоттық сезімін, саналы түрде түсініп, қабылдауына, сөйтіп, ата-бабасын, ата-анасын сүйіп, қастерлейтін, бауырмал, мирасқор, мұрагер, намысқой, салт, дәстүрлерін қадір тұтатын, елін сүйетін, рухы жоғары, патриоттыққа тәрбиелеу көзделіп отыр.

Жалпы орта білім беру мемлекеттік құжаттарға сәйкес бастауыш және негізгі (орта), кәсіптік бағдар беру сатысы ретінде бөлінеді. Ал, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерінің қалыптасуы бастауыш мектепте қуатты жүреді. Бастауыш мектеп – кіші мектеп жасындағы балаларға бастауыш білім беретін оқу ордасы. Бастауыш білім тұжырымдамасында бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының рухани өзегі қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталады. Бастауыш мектептің өзінде оқушының танымдық және психикалық мүмкіндіктері жетіліп, адамның күнделікті өмірінде білім алудың қаншалықты маңызды екеніне көзі жете бастайды. Сонымен қатар осы жас кезеңінде оқушы өзіндік сананың жаңа сатысына көтеріледі.

Болашақ ұрпақты жас кезінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан оқушыға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның бағыттылығын анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып отырады. Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Біз патриоттық тәрбие мәселесіне арналған еңбектерден тақырыпқа сәйкес «патриот», «патриоттық сезім», «отансүйгіштік» ұғымдарының философиялық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зерттеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде қарастырамыз.

«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі» атты екінші бөлімде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу жұмысының мазмұны мен әдістемесі сипатталды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған факультатив курсының бағдарламасы және электронды оқу құралының практикалық мәні көрсетілді. Педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі, әдістемені іске асырудың тиімділігі негізделіп, ұсыныстар берілді.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді оқу үдерісі барысында жүзеге асыруда бастауыш сынып оқулықтарын зерделей келе, оларда қарастырылатын патриоттыққа тәрбиелеуге арналған оқу материалдарының біркелкі қамтылғанын байқадық. «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Жаратылыстану» оқулығындағы біз қарастырып отырған патриоттыққа тәрбиелеу мазмұнын тиімді түрде толықтыру және ақпараттық технологияны пайдалана отырып жетілдіру жолдарын көрсетуді жөн санадық.

Бастауыш сынып оқушыларын зерттеу мәселесіне арналған педагогикалық тәжірибе жұмысы үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) Талдықорған қаласы №16 орта мектеп гимназиясы, Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектептерінде жүргізілді. Зерттеу аясында оқушылар эксперименттік топ және бақылау тобы деп екіге бөлінді.

Педагогикалық тәжірибе жұмысы 2 оқу жылы (2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары) уақытты қамтиды. Эксперимент тобында 118 оқушы, ал бақылаудағы топқа 117 оқушы қатысты. Жалпы педагогикалық тәжірибе жұмысына 235 бастауыш сынып оқушысы қатыстырылды. Тәжірибе жұмысының алғашқы кезеңінде сауалнама, тест, әңгімелесу, шығармалар жаздыру әдістерін қолданып, оқу-тәрбие үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесінің қалыптасу жағдайы анықталды.

Педагогикалық тәжірибе барысында көрнекті психолог-педагогтардың патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері туралы еңбектерін зерделей келе, оның

нәтижесін бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқушының тұлғалық жетілуінде оның өзін ұлт өкілі ретінде сезінуі отбасы көлемінде ғана емес, мектепте, қоғамдық орталарда көрініс тауып отырады. Оқушының адамдармен қарым-қатынасының адамгершілік құндылық негізде болуы қандай құндылықтардың ең басты құндылық ретінде ұғынылатынына байланысты. Осыны ескере отырып, жұмысымыздың алғашқы кезеңдерінде эксперимент жүргізген сыныптардың ерекшеліктеріне қарай М.Рокичтің «Патриоттық тәрбие» әдістемесін(зерттеу мақсатымызға сәйкес икемделген) жүргізу арқылы құндылық ұғымының қаншалықты мәні бар екенін анықтадық

Қорытындыда диссертациялық жұмыстың нәтижелері, сондай-ақ оларды бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі саласындағы зерттеулерде одан әрі пайдалану бойынша қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар берілді.

Диссертациялық жұмысты дайындау барысында 197 атаудан тұратын әдебиеттер пайдаланылды.

Қосымшада зерттеу мазмұнына қатысты жұмыстардың барысында үлгілері әзірленген материал ұсынылған. Педагогикалық - тәжірибелік жұмыстар Талдықорған қаласы №16 орта мектеп гимназиясы КММ және Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектебі КММ жүргізіліп, оқу үдерісіне зерттеу нәтижелерін енгізу актілері ұсынылды.

1 БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелерінің қазіргі жайы

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесін зерттеуді жүзеге асыруда мұғалімнің атқаратын ролі орасан зор. Осы ретте, мұғалімнің мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруге бағытталған тарихи шешім, ол «Педагог мәртебесі туралы» заң болса [10, б. 7] соның бірі – педагог беделі. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі», деп Мағжан Жұмабаев айтқандай [37, б.14]. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел арасындағы осы сөзді қайта тірілтіп, 2019 жылы 31 тамызда № 645 қаулымен педагог мәртебесін заңмен бекітті [7, б. 59]. Педагогтың құқығы мен беделі, әлеуметтік жағдайы заңмен бекітіліп, үлкен құрмет көрсетілген соң, оларға қойылатын кәсіби талап та арта түспек.

Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу тақырыбына теориялық тұрғыда зерттеу барысында алдымен мән-мағынасын ажырату үшін сөздіктер мен ғалымдар еңбегін зерттеп, зерделей отырып, бастауыш мектеп жасы оқушының адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі тануымен, әлеуметтенуі, яғни әлеуметтік тәжірибені меңгеруімен ерекшеленетіндігі, өзінің жеке басының мүддесін қоғамдық мүдделермен ұштастыра білетін, ұлттық сана сезімі оянған тұлға тәрбиесіндегі патриоттыққа тәрбиелеу жұмысының мәні зор екендігін байқадық.

Психологиялық-педагогикалық сөздікте патриотизм «өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, өзінің жеке және топтық мүдделерін елдің ортақ мүдделеріне бағындыруға, оған адал қызмет етуге және оны қорғауға дайын болу» деп анықтама беріледі [14, б. 37]. Үлкен энциклопедиялық сөздік «патриотизмді» «Отанға деген сүйіспеншілік; туған жеріне, тұрғылықты мекеніне деген ынтықтық» деп анықтайды [12, б. 45]. Зерттеу барысында біз философиялық сөздікте берілген «патриотизм» ұғымының анықтамасын негізге алдық: «Патриотизм (грек. patris-отан, атамекен) - бұл адамгершілік пен саяси принцип және Отанға деген сүйіспеншілікті, оған деген адалдықты, өткені мен бүгіні үшін мақтанышты, Отан мүдделерін қорғауға деген ұмтылысты білдіретін әлеуметтік сезім».

Философиялық еңбектерді талдау патриотизмді моральдық принцип ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықты, оның өткені мен бүгіні үшін мақтанышты, өз Отанының мүдделері үшін қызмет етуге дайын болуды білдіреді.

С.Т. Иманбаева «патриотизм» - жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті, сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының

басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін детерминант болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны «мәдениет - тарих - білім» деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды деп, елдің мемлекеттік идеологиясына негізделген қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ерекше көңіл бөлді [53, б. 21].

Бастауыш буын – қайталанбайтын кезең, ақиқаты сол, білім негізі бастауыштан басталады. Бастауыш білім беру сатысы оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бастауыш сатыдағы білім берудің бағдарлы мақсаты – оқу әрекетін қалыптастыру; айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік тәрбие түрлеріне сай сезім қатынас қарым – қатынасқа дайындау; өзін қоршаған және өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаны тануға, сүйюге, қорғауға, өзін ұстай білуге үйрету болып табылады. Оны оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас сияқты түрлерін меңгерумен қамтамасыз етуге болады. Басты назар аударатын мәселелердің бірі – патриотизм. Патриотизм патриоттық тәрбие құндылықтары арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушылары оқу сабағы, тәрбие сағаттары, сыныптан, мектептен тыс жұмыстар арқылы танымдық, тәрбиелік әрекеттерін қалыптастырады. Оқу адамның жеке басы танымының ерекше түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені, елін, жерін, ұлтын, мәдениетін, тілін таниды. Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Сондықтан мектептің бастауыш оқыту сатысындағы оқу – тәрбие жұмыстарын жан – жақты толықтырып, халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастырып, бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрайтындықтан, өмірде болып жатқан бетбұрыстар, қоғамдағы саяси көзқарастар, әлеуметтік – экономикалық өзгерістер – еліміздің тарихына, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан салт – дәстүріне құрметпен қараумен қатар, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға жол ашып отыр.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру теориясын қарастыру, оны практикалық және нақты талдау мазмұны мен мағынасын сақтауды және жеңілдетуді қажет етеді. Бұл «модель» ұғымының мағынасын ашу арқылы жүзеге асырылады. Философ В.А. Штоф, «модель дегеніміз - бұл объект туралы жаңа ақпарат беру үшін бізді алмастыратын затты бейнелейтін немесе құратын материалды саналы немесе қиялды зерттеу жүйесін түсіну» [146].

«Модель» термині латынның «модульдер» сөзінен шыққан, ол «өлшеу», «әдіс», «сурет» дегенді білдіреді. Білім беру процесін зерттеу кезінде модель жалпы құрылым мен зерттелетін мәселенің жекелеген бөліктері арасындағы байланысты бейнелеу құралы болып табылады. Имитациялық модельдеу деп аталады. Модельдеу процесінде бір жүйе (зерттеу нысаны) өзінше басқасына (модельге) ауысады (В.Г. Афанасьев) [147].

70-80 жылдардағы педагогика ғылымында білім беру жүйесін модельдеу арқылы А.В. Мудрик [148], 80-90 жж. Өзін-өзі дамыту моделі. О.С. Газман [149], педагогикалық оқу орындарындағы оқушылардың гуманистік бағытын модельдеу арқылы И.А. Колесникова [150], С.В. Бондаревская [151] С.Д. Поляков [152], Н.В. Кузьмина [153] жеке тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды модельдеумен айналысқан. Білім беру арқылы патриоттыққа тәрбиелеуді модельдеу (Нургалиева Г.К, Кудышева Б. және басқалар), құндылықтарға негізделген ұлттық білім жүйесін құру, құндылықтарға негізделген қазақ этнопедагогикасының логикалық-құрылымдық моделі (Қожахметова К.Ж. және т.б). Рухани-адамгершілік қасиеттер арқылы тұлғаны қалыптастыру моделін жасайды (К.А. Исмаилова, Б.Н. Игенбаева, А.Каплиева және т.б.), оқушылар патриоттыққа тәрбиелеу моделін жасайды. (К.К. Найманбаева) зерттеушілер қатысты. Осы теорияларға сүйене отырып, біз жетекші зерттеу теорияларының тұжырымдарына сәйкес бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру моделін құруды басшылыққа алатын келесі негізгі қағиданы ұсынамыз:

Патриоттық тәрбие - бұл адамның ұлттық ерекшелігін анықтайтын және патриоттық тәрбиеге деген көзқарасты бейнелейтін тұлғаның сенімі, көзқарасы, талпынысы түріндегі ерекше құрылымы.

Сонымен, патриоттық тәрбие бастауыш сынып оқушыларының мұраттары мен сенімдерін анықтайды, олардың тұлға ретінде қалыптасуында жетекші рөл атқарады және жаңа қажеттіліктердің пайда болуына ықпал

етеді. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие бастауыш сынып оқушыларын өз бетімен іс-әрекетке бағыттайды. Патриоттық тәрбие сезімі оқушының осы патриоттық тәрбие туралы өз бетімен ойлануынан, өзіндік қорытынды жасап, соған ұмтылуынан көрінеді. Патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын және оларға деген оң көзқарасты қалыптастыратын ата-аналар мен мұғалімдердің құндылықтарын оң бағалау патриоттыққа тәрбиелеуге айтарлықтай әсер етеді. Құндылықты бағалау - бұл адамның тәрбиелік және эмоционалдық құрылымдармен байланыстағы құндылығын қалыптастырады.

Өз кезегінде бұл оқушылардың патриоттық тәрбиеге деген оң көзқарасымен анықталады.

«Патриот», «патриоттық тәрбие» ұғымдарының теориялық негіздеріне сүйене отырып, біз бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің моделін құруды жөн көрдік(3 сурет).


Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу модельдің негізі мақсат, міндеттерден, қағидалар мен нормативтік негіздер жүйесінен, патриоттыққа тәрбиелеу тетіктерінен, тұтас технология ретінде қарастырылды мазмұн, әдіс, құралдар жүйесінен, нәтижеден тұратын кешен.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу моделінің мақсаты - патриоттық тәрбие жүйесі туралы бастапқы білім негіздері қалыптасқан, патриоттық тәрбиені танып, бағалайтын және оны таңдайтын, өзіндік сана-сезімі қалыптасқан, рухы жоғары, патриоттық тәрбиесі анықталған тұлға қалыптастыру. Осы мақсаттан туындайтын міндеттері – бастауыш сыныптағы патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұндық жүйесін нақтылау, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің бағдарламасы мен әдістемесін жасау, патриоттыққа тәрбиелеу жолдарын көрсету, нәтижесін бағалау.

Модельде көрсетілген мақсат-міндеттерді жүзеге асыру тетіктері мен мазмұндық, технологиялық құрылымын анықтау үшін Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы, Бастауыш білім стандарты, Қазақстан Республикасының білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы, Бастауыш білім тұжырымдамасы т.б. нормативтік құжаттар[1, 2, 4, 5] зерделенді.

Сонымен қатар, біз бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу моделін жасауда төмендегідей педагогикалық қағидаларды басшылыққа алдық:

- тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы;
- тәрбиелік ықпалдардың бірлігі;
- тұлғаға бағытталған;
- жас және дара ерекшеліктерді ескеру.



Сурет 3 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу моделі


Тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы қағидасы патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарының мақсатын белгілеуде маңызды. Өйткені, егеменді мемлекет жағдайында және әлемдегі жаһандану үдерісі барысында қазіргі қоғамымыздың болашағына берік сенімі бар азаматтарды тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Тәрбиелік ықпалдардың бірлігі қағидасын басшылыққа ала отырып, модельдің әрбір бөліктері мен элементтерін түгел бір тұтастықты құрайтын педагогикалық жүйе ретінде қарастырдық.

Жас және дара ерекшеліктерді есепке ала отырып, бастауыш сынып оқушысының жас және дара ерекшеліктерін физиологиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сипаттай келе, олардың патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты есепке алынуы басты назарда болды. Тұлғаға бағытталған қатынас педагогикада «тұлғалық-бағдарлы» ұғымымен түсіндіріледі. Яғни, тұлғаға субъектілік көзқарас негізінде қарым-қатынас жасау. Тұлғалық-бағдарлы қатынас – оқушының тұлғалық қызметтері (таңдау, мотивация, рефлексия, т.б.) көрінетін жағдайларды тудыруды көздейді. Ал патриоттыққа тәрбиелеу бастауыш сынып оқушыларының дербес мүмкіндіктерін дамытуға, олардың бойында субъектілік сапалық өзгерістердің қалыптасуына жағдай туғызуы қажет.

Модельдің келесі құрылымында бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеу тетіктері баяндалады. Бастауыш сыныптағы оқушыларда патриоттыққа тәрбиелеу тетіктерін іске қосу осы жас кезеңіндегі оқушының барлық сфераларының өзара үйлесімділігі арқылы жүзеге асады: эмоциялық, танымдық, әрекеттік. Патриоттық тәрбие теориясына сүйене отырып, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу төмендегідей сызба түрінде көрсетеміз (Сурет 4).

Іздену сатысында оқушыларға ақпараттар беру, қызығушылық туғызу, құндылық объектілерге көңіл аударту арқылы мотивациялық-құндылық компонент көрініс табады. Мотив іс-әрекеттің ішкі қозғаушысы ретінде сана арқылы пайда болады да ішкі стимулға айналады. Бастауыш сынып оқушылары білуге құмарлығымен ерекшеленеді және олар өздеріне қызық немесе ұнаған нәрсеге мейілінше ұмтылыс білдіреді. Оқушының осы қасиетін *іздену* сатысында есепке аламыз. Мотивация оқушының жеке өз сұранысы мен қоғамдық сұранысты дамытуға әсер ететін басты қозғаушы күш. Бұл не істеу керектігін және қандай құндылықтарға ұмтылу керектігін білу, шын мәнінде соған ұмтылу. (қызығушылық, қажеттілік, ынта) Сол арқылы *іздену* тетіктері іске қосылады. Бастауыш сынып оқушысында адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мотивтер оқушы бойындағы белгілі бір іскерліктердің болу болмауына байланысты. Іс-әрекеттің ішкі қозғаушысы ретіндегі мотив сана арқылы пайда болады да ішкі стимулға айналады. Мотивтің іс-әрекетте жүзеге асуы нақты практикалық жағдайларда, түрлі іс-әрекетті орындау барысында болып отырады.

Оқушылар ұжымдық мотивтермен пайда болған мінез-құлық нормаларын жеңіл, әрі тез меңгеріп алады. Жеке оқушыдан гөрі сыныптағы барлық оқушының білетіні көп болады. Сондықтан, патриоттыққа тәрбиелеуге бағыттап отыратын жағдаяттарды түгел ұжымды түрде талдап, әңгімелескен тиімді.



Сурет 4 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу бағдары сызбасы

Сөйтіп, ұжымның пікірін есепке ала отырып, бала тиянақталған білім, бағаға ие болады. Осының негізінде оқушының жеке өз пікірі, бағасы қалыптасады. Бастауыш мектептегі алғашқы жылдар оқушының таным әрекеті үшін сензитивті кезеңі болып табылады. Ұзақ әрі жағымды эмоцияларға толы болған мақсат, қатынас, құндылық жеңіл түрде өзіндік мүддеге айналады. Қуаныш сезімін бастан кешіру оқушының ынтасын, құлшынысын ұштай түседі. Ал, қарым-қатынас еш қуанышсыз өтіп, оған оқушының қанағаттану сезімі төмен болса, патриоттық тәрбиенің жекешеленуі қиындайды. Сондай-ақ, бұл бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеуге қатысты мәліметтерді қабылдаудағы жағымды көңіл-күй жағдайы, оған әсерленуі, эмоционалды реңкті қабылдай алуы да әсер етеді. Мәселен, салт, дәстүр рәсімдерін орындауда қуаныш сезіміне бөлену, эмоциялық еліктегіштік, жаны ашу, ар-намыс, ықыластылық, алғыс т.б. адамгершілік көңіл күй арқылы көрініс тауып отырады.

Бағалау – салыстыру, мәнін ашу, құндылығын көрсету нәтижесінде мүмкін болады. Демек, бала ұсынылып отырған объектіні үлгімен салыстыра отырып, оның мәнділігін анықтайды. Таныған, бағалаған патриоттыққа тәрбиелеу жүйесі оқушының патриоттық тәрбиені иеленуіне және осыған байланысты құндылық қатынасының пайда болуына көмектеседі. М.И. Кикина «Оқушылардың құндылық қатынасының базалық құрылымына оның танымдық әрекеті кіреді», - дейді [60, б. 78]. Сондықтан, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу ерекше мән беру, соған сәйкесті эмоциялар туғызу, құндылық бағалау әрекеттерін жүзеге асыру негізінде қалыптасқан құндылық

катынастың мәні зор болмақ. Бастауыш сынып оқушысы өз мінез-құлқын осы құндылық қатынасқа сай реттеп отыру іскерлігіне қол жеткізеді. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде қатынастың пайда болуы баладағы әлеуметтік тәжірибенің жиынтығына сай олардың мағыналы өзгеріске ұшырауының көрінісі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының «патриоттыққа тәрбиелеу», «патриоттық құндылық» сияқты ұғымдарды меңгеруі, олардың патриоттық тәрбиені қабылдаудағы ойлау белсенділігі, патриоттық тәрбиені бағалау, таңдау талпыныстары, меңгергенін достарымен талқылай алуы, сұрақтар қоя білуі. Бұл кезеңде құндылықтың маңызын, құндылықтар жөніндегі білімдердің қажетті мөлшерін, тереңдігін, әсерлілігін қамтамасыз ету көзделеді. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы патриоттыққа тәрбиелеу оқушылардың тұлғасы өзіндік сананың қалыптасуымен ерекшеленеді. Дүниені қабылдау ерекшелігі оның психологиялық қасиеттерімен түсіндіріледі: табиғи елгезектігі, орындаушылығы, еліктегіштік, эмоциялық айқындығы, өз тұлғасының басқа адамдарға бағытталғандығы. Патриоттыққа тәрбиелеу тетіктері ол: - *іздену* - *бағалау* - *таңдау* - *көшіруде* осы өрстің қызметі ерекше мәнді болып табылады.

Патриоттық құндылық объектілерді таңдау, сондай-ақ, жеке тұлғаны патриоттыққа тәрбиелеу барысын тануы мен бағалауын қажет ететін жағдайларды тудыру барысында мақсатты іс-әрекетті жүзеге асыра отырып, патриоттық тәрбиені жеке тұлғаның қажеттілік объектісіне айналдырамыз. Бұл саты тұлғаның бірнеше объектіден нақты біреуіне таңдау жасауы арқылы көрініс табады. Патриоттыққа тәрбиелеу құндылық қатынас қалыптасуының бастауыш сынып оқушыларындағы ерекшелігі - өсіп келе жатқан тұлғаның қоршаған дүниені танып білуі келесі бір адамның қатысуымен жанама түрде жүзеге асады. Сондықтан, қабылданатын білімдер екі түрлі эмоциялық күйде жетеді:

- біреуі бөтен адамның бағасы мен жеке қатынасы арқылы жеткен білім;

- екіншісі өзінің жеке қатынасы мен сезімдері.

Осының әсерінен баладағы «білемін», «білмеймін» деген ұғымдар енді құндылық мәнге ие болып «жақсы», «жаман» ұғымдарына ауысады [55, б. 121].

Көшіру сатысында оқушының таныған, қабылдаған құндылықтарына қатынасы оның ішкі сеніміне айналып, оның әрекетін, мінез-құлқын реттеп отыруға көмектеседі. Бала белгілі бір затты, құбылысты ерекше бағалап, соған ұмтылады, бірнеше объектіден нақты біреуіне таңдау жасайды. Сөйтіп, оқушының күнделікті өмір барысындағы мінез-құлықтары, іс-әрекет сапалары тұлғадағы патриоттық тәрбие нәтижесі ретінде көрініс тауып отырады. Меңгерген құндылық түсініктері мен ұғымдарына сәйкес қимыл-әрекет тәсілінің жиынтығы, өзін-өзі реттеу іскерлігі қалыптасады.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу, қабылдау нәтижесі ретінде енді соған сәйкес іс-әрекет көрініс беруі керек. Өйткені патриоттық тәрбие болу үшін бала патриоттық тәрбие жүйесін қабылдап қана қоймай, оны түсініп, қалай пайдалану керектігін білуі қажет.

Патриоттық тәрбие беру мәні де осы патриоттық тәрбие түсініктердің тұлға мінез-құлқына көшірілуі. Бұл тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттегі бағыттылығы, белсенділігі арқылы көрінеді. Оқушының ерік-жігер күші арқылы олардың патриоттық тәрбиені іздестіру, оған ұмтылу, патриоттық тәрбиені таңдау қызметтерінің негізіндегі әрекет ету қабілетімен айқындалады. Мұнда жеке тұлға қасиеттерінің көрінуі, өз құндылықтарын дәлелдеуі, күрделі ұғымдарды меңгерудегі талпынысы және оқушының адамгершілік жағынан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуын бейнелейді. Іздену - бағалау – таңдау – көшіру болуы үшін, оған жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруда көп нысаналы болуға жағдайлар жасалынып және оларды өзектілендіретін іс-әрекет түрлерін байыту қажет.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу үдерісі тұлғаның санасы мен сезіміне, мінез-құлқына бірдей деңгейде әсер ету арқылы патриоттыққа тәрбиелеуде мықты мінез-құлықты тудырады. Осы тетіктер жүйесі адам бойында қалыптасқанда ғана бүкіл тәрбие үдерісінің сапалы жаңаруы, оның құнды толығы мүмкін болады. Сондықтан модельдің келесі бөлігін оқушы мен мұғалім іс-әрекеттерінің тұтас жүйесі түріндегі технология ретінде қарастырамыз. Модельде бұл құрылым мазмұн-әдістер-құралдар деп беріледі. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу құрылымы мен мазмұны тұлғаның бағыт-бағдарын, ұстанымдарын айқындайды. Өйткені, мазмұн бөлімінде патриоттыққа тәрбиелеуге негіз болатындай бастауыш білім стандартында қамтылған оқу материалдары қарастырылады. Олар бастауыш мектептің оқу жоспарында берілген әдебиеттік оқу, жаратылыстану т.с.с. пәндерді оқытуға арналған оқулықтарда көрініс тапқан оқу ақпараттарының жүйесі.

Бастауыш білім мазмұнында қамтылған бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу негіздері Отан, туған жер, әдебиеттік оқу, отбасы, салт, дәстүр, ел рәміздері және ел тарихына үлес қосқан тұлғалар құндылығы түрінде қарастырылады. Мазмұндық бөліктің мақсаты пәндік оқу материалдарының ішінен бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу негіз болатындарын іріктеп, жүйелеу арқылы сабақты және тәрбие жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз етудің дидактикалық мүмкіндіктерін көрсету. Осындай мүмкіндіктердің бірі ретінде біз дайындаған авторлық электронды оқу құралын пайдалануды қарастырамыз. Ақпаратты технологияның бастауыш сыныпта қолданылуы оқушылардың қызығушылығын арттырып, өзіндік ізденісін дамытуға көмектеседі. Оның үстіне электронды оқулықтағы шәкірттерге ұсынылатын

ақпараттар олардың пәндік білімдерін интеграциялауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуда онлайн платформалар көмегімен бейнекөріністерді, қазақ тілінде шығармаларды, мәтіндік ақпараттарды қабылдау барысында оқушылардың патриоттық тәрбие жөніндегі таным-түсініктері молайып, меңгергендерін қажетіне қарай пайдалану іскерліктері де жетіле түседі. Электронды оқу құралындағы материалдарды қабылдау кезінде көрген объектілердің орналасу реті, ерекше әсер еткен тұстары бала жадында сақталып отырады. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу дербес ізденіс жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды оқу құралында ұсынуға болады.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстанудан оқу-тәрбие үдерісінде осынау ақпараттар көркем шығармалар, патриоттыққа тәрбиелеуде таныстыратын мәтіндер, тарихи деректемелер, өлең, жырлар, мақал-мәтелдер, аңыздар, көрнекі суреттер түрінде беріліп отырады. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеуде тиімді әдістер деп топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікір-сайыс, виртуалды танымжорықтар, этикалық жағдаяттар, өнеге-үлгіні келесі 5 кестеде ұсынамыз.

Мұғалім мен оқушы іс-әрекеті кезеңдерінің мазмұнының қарау арқылы оқушының патриоттық тәрбие қатынасының мәнін сипаттадық. Енді осы кестедегі мұғалім мен оқушының атқаратын іс-әрекеттерін талдай келе, олардың өзара белсенді әсерін ақпараттық технология арқылы қамтамасыз етуді көздейміз. Ол үшін мұғалімнің патриоттыққа тәрбиелеу жұмысында электрондық оқу құралын көмекші ретінде пайдалануына болады. Соның нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы, ақпараттарды бағалау іскерлігі жетіледі. Сол арқылы бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құмарлығы, қиялы дамиды. Оқушы өз мүмкіндігін көрсете білуі үшін ақпаратты өзіндік іздеу, бағалау, таңдау және оны тиімді пайдалану дағдыларын меңгереді. Мәселен, біз ұсынып отырған электронды оқу құралында әрбір тақырып модуль түрінде берілген: «Менің Отаным», «Ел рәміздері», «Әдебиеттік оқу», «Отбасы», «Салт, дәстүр», «Ұлы тұлғалар». Әрбір модуль өз ішінде микромодульдерге бөлінген (мысалы «Салт, дәстүр» модуліндегі бөлімдер: - ең қымбат қазына, аталар сөзі-тәрбие көзі - ата көрген оқ жонар, ұлағатты сөздер, мәдени мұра, т.б.).

Электронды оқу құралындағы әр модульге қатысты негізгі бағдарламада бекітілген ақпараттар гипермәтінде берілді. Гипермәтіндерде патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын ұғымдар, анықтамалар, деректемелер жинақталған. Гипермәтін арқылы мұғалім белгілі идеялар мен білімдерді оқушыларға жеткізуді, құндылық нысандарға баға беруді және соған байланысты эмоция туғызуды қамтамасыз етеді. Оқу құралында дыбыстық, бейнелік материалдар, түрлі тапсырмалардың болуы да бұған әсер етеді. Патриоттыққа тәрбиелеу әдістерінің тиімділігін анықтау үшін жүргізілген

жұмыстың нәтижесін көру және патриоттық тәрбиенің қалыптасқандығының көрсеткіштерін нақты белгілеу қажет.

Кесте 5 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру жағдайындағы мұғалім мен оқушының әрекеттері

Кезеңдері	Мұғалім әрекетінің мазмұны	Оқушы әрекетінің мазмұны	Әдістері мен құралдары
Дайындық	1. Патриоттық тәрбие жөніндегі ақпараттарды нақтылау. 2. Нәтижені алдын-ала болжау, жоспарлау. 3. Танымдық әрекетті қалыптастырудағы патриоттық тәрбиелеу жоспарын жасау.	1. Мұғалім ұсынған жаңа мәліметтердің құндылығын түсіну. 2. Мұғаліммен, ақпаратпен, жолдастарымен өзара әсерді қалыптастыру. 3. Өзіндік жоспарлауды жүзеге асыру.	Проблема лық сұрақтар, электрон ды оқу құралы
Іске асыру	1. Танымдық әрекетті ұйымдастыру. 2. Оқушыларды өзіндік жұмысқа баулу. 3. Берілген мәліметтерді бағалау, рефлексиялық талдау.	1. Өзінің танысқан ақпараттарына баға беру. 2. Патриоттық тәрбиені сезіну, әсерлену. 3. Өз әрекеттерін патриоттық тәрбие қатынас негізінде құра білу.	Рөлдік ойындар, салт, дәстүрлер фестивалі, видео әдіс, өнеге, үлгі.
Қорыту	1. Қалыптасқан құндылық қатынастарды сараптау. 2. Оқушылардың мінез-құлық көріністерін құндылық негізде бағалау. 3. Нәтижені талдау.	1. Патриоттық тәрбие туралы білімін жетілдіру. 2. Қабылдаған патриоттық тәрбие түсініктерге сәйкес өз мінез-құлықтың реттеу. 3. Өзінің және құрбыларының мінез-құлық құндылық тұрғысынан талдау.	Пікірталас, этикалық әңгіме, жағдаяттар

Ғалымдардың зерттеулерін талдау бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу өлшемдерін, көрсеткіштерін, деңгейлерін белгіледік (кесте 6).

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу өлшемдерін төмендегідей үлгіде қарастырамыз.

1.Патриоттыққа тәрбиелеу ұмтылысы, қызығуы бойынша(мотивациялық-құндылық құраушы):

- Патриоттыққа тәрбиелеу жағымды көзқарасы, қызығушылығы, оларды танып білуге ұмтылуы.

2. Патриоттық тәрбие түсініктерінің қалыптасуы бойынша(мазмұндық құраушы):

- патриоттық тәрбие туралы білімінің мазмұндылығы.

3. Патриоттық тәрбие қатынасының болуы бойынша (Әрекеттік мінез-құлықтық құраушы):

- Патриоттыққа тәрбиелеу сәйкес мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруы.

Кесте 6 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері

Өлшемдері	Көрсеткіштері	Деңгейлері		
		Жоғары	Орта	Төмен
1	2	3	4	5
Мотивациялық-құндылық	Отан, туған жер, отбасы құндылығын ұғынуға деген ынтасы, дәстүрлерге қызығушылығы, әдебиеттік оқудың байлығын меңгеруге, ел тарихын, рәміздерін танып білуге ұмтылуы.	Өзін ұлт өкілі ретінде сезініп, Отан, Туған жер, Отбасы құндылықтарын меңгеруге, ұмтылады. Халқымыздың дәстүрлері, ырымдары мен жоралғылары туралы ақпараттарға қызығушылығы анық байқалады. Әдебиеттік оқудың байлығын меңгеру қабілеті жоғары. Ел тарихы мен рәміздеріне қызығушылық білдіреді.	патриоттық тәрбие объектілері туралы мұғалім ұсынған ақпараттарды онша құлықты болмаса да тыңдайды, өздігінен ұмтылысы байқалмайды. патриоттық тәрбие объектілеріне жағымды көзқарасы қалыптасқан.	Оқушының Отан, туған жер, отбасы құндылықтарына қызығуы, ұлттық салт, дәстүрдің ерекшелігін білуге ынтасы төмен. Әдебиеттік оқудың байлығын меңгеруге, ел тарихы мен рәміздерін танып білуге ұмтылуы байқалмайды.

6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Мазмұндық	Отан, туған жер, отбасы құндылығын түсінуі, халқымыздың салт, дәстүрлерін құндылық ретінде ұғынып, меңгеруі. Әдебиеттік оқудың құндылығын ұғынуы мен оның байлығын меңгеруі; Ел тарихы мен рәміздері туралы білімінің толықтығы.	Отан, Туған жер, Отбасы құндылықтарын саналы түрде ұғынады. Салт, дәстүрлерді біледі, оларды құндылық ретінде таниды. Ел тарихы мен рәміздерін қастерлейді, мазмұнын, мәнін толық түсінеді. патриоттық тәрбие жөніндегі білімін үнемі толықтырып отырады.	Отан, Туған жер, құндылықтарына мән бермейді, ұлттық салт, дәстүрлердің мазмұнын меңгергенімен оларды маңызды деп есептемейді.	Оқушылардың патриоттық тәрбие туралы түсініктері жеткіліксіз. патриоттық тәрбиенің маңызын, қажеттілігін түсінбейді.
Әрекеттік	Отан, туған жер, отбасы құндылығына сәйкес өз әрекеттерін құра білуі. Туысқандық қарым-қатынастағы ұлттық дәстүрлерді сақтап орындай білуі, салт, дәстүр, рәсімдерді орындай алуы. Ел тарихы мен рәміздері туралы білімдерін пайдалануы, оның құндылығын ұғынуы.	Отанын, Туған жерін, Отбасын құндылық ретінде бағалайды, таңдайды, Туыстық қарым-қатынастағы ұлттық дәстүрлерді сақтап, орындай біледі. Әдет-ғұрып, салт, дәстүрлерді қастерлеп, оны өз өмірінде қолданып отырады; Өз мінез-құлқының нақты мақсаттарын патриоттық тәрбие қатынас негізінде анықтай алады.	Отан, туған жер туралы түсініктері болғанымен, оның құндылығына мән бермейді. Ұлы тұлғалар туралы білгенімен, ұлт өкілі ретінде олардың құндылығын бағалауы, таңдауы байқалмайды.	Оқушылар өз мінез-құлықтарында патриоттық тәрбие түсініктеріне сүйенбейді. Өз іс-әрекетінде патриоттық тәрбиені іздеу, бағалау, таңдау іскерліктері қалыптаспаған.

Мотивациялық-құндылық бөліктегі көрсеткіштер:

Отан, туған жер, отбасы құндылығын ұғынуға деген ынтасы, салт, дәстүрлерге қызығушылығы, әдебиеттік оқудың байлығын меңгеруге, ел тарихы мен рәміздерін танып білуге ұмтылуы.

Мазмұндық бөліктегі көрсеткіштер:

Отан, туған жер, отбасы құндылықтары туралы түсініктерінің болуы, халқымыздың салт, дәстүрлерін құндылық ретінде ұғынуы, ырым, рәсімдерін

білуі, әдебиеттік оқудың құндылығын ұғынуы мен оның байлығын меңгеруі, ел рәміздерін, ел тарихын білуі, оның құндылығын ұғынуы. Өзіндік сананың қалыптасуы.

Әрекеттік бөліктегі көрсеткіштер:

Отанын, туған жерін, әдебиеттік оқу сүйюі, ұлттық салт, дәстүрлерді сақтап орындай білуі, еліміздің тарихын, ұлы тұлғаларын, рәміздерін кастерлеуі.

Бағалау-нәтижелік бөліктегі көрсеткіштер:

Отаны, туған жері туралы білімін жетілдіруі, әдебиеттік оқудың байлықтарын меңгеріп, тәжірибеде сауатты пайдалана алуы, салт, дәстүрлерді жете меңгеруі, халқымыздың ұлы тұлғаларын, еліміздің рәміздерін мақтан тұтуы, өз мінез-құлқын қабылдаған патриоттық тәрбие түсініктерге сәйкес реттеп, жетілдіріп отыруы. Бұл өлшемдер негізінде айқындалған көрсеткіштерге сәйкес патриоттыққа тәрбиелеуге мүмкін болатын үш деңгейі анықталды:

Жоғары деңгей - бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы білуге деген ынта-ықыласы жоғары. Өзіндік санасы, сенім-мұраттары, эмоциялық сезімдері қалыптасқан. патриоттық тәрбиенің мәнін, маңыздылығын саналы түрде меңгеріп, иелене отырып, өз іс-әрекеттерінде жағымды мінез-құлық үлгілері арқылы көрсете біледі. патриоттық тәрбие түсініктеріне сәйкес өз мінез-құлықтарын реттеп, өзін-өзі жетілдіре алады.

Орташа деңгей - бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы түсінігі жеткіліксіз, қызығушылығы тұрақты емес, мұғалім ұсынған ақпараттарды онша құлықты болмаса да меңгергенімен оларды маңызды деп есептемейді, меңгерген патриоттық тәрбие туралы түсініктерін мұғалімнің талап етуі бойынша ғана өз іс-әрекеттерінде пайдаланып отырады. патриоттық тәрбие арқылы өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі жетілдіруге онша ынталы емес.

Төмен деңгей - бұл деңгей бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы түсініктерінің жеткіліксіздігімен анықталады. патриоттық тәрбие туралы өзінің білімін толықтыруды қажет етпейді. патриоттық тәрбиенің маңызына мән бермейді. Балалар өз мінез-құлықтарында патриоттық тәрбие түсініктеріне сүйенбейді. Өмірде патриоттық тәрбие арқылы өзін-өзі жетілдіру қажет деп есептемейді.

Бастауыш сынып оқушысының патриоттыққа тәрбиелеу нәтижесі ретінде мынадай ұлттық сипатын қарастырамыз: патриоттық тәрбиені танитын және оларға ұмтылатын, өзіндік сана-сезімі қалыптасқан, патриоттық тәрбиесі анықталған тұлға.

Жоғарыда ұсынылған бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері педагогикалық тәжірибе жұмыстарын ұйымдастырып жүргізуде есепке алынды.

2 БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесін гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісі барысында қалыптастыру

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу арналған оқу-әдістемелік материалдар бірдей мөлшерде болатындығын байқадық. «Әдебиеттік оқу» оқулығында біз қарастырып отырған патриоттық тәрбиенің мазмұнын тиімді толықтырып, ақпараттық технологиялардың көмегімен жетілдіру жолдарын көрсетуді жөн көрдік.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу арналған педагогикалық тәжірибе үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) Талдықорған қаласы №16 орта мектеп гимназиясы және Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектебінде өткізілді. Зерттеу барысында оқушылар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді.

Педагогикалық тәжірибе жұмысы 2 оқу жылы (2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары) уақытты қамтиды. Эксперимент тобында 118 оқушы, ал бақылаудағы топқа 117 оқушы қатысты. Жалпы педагогикалық тәжірибе жұмысына 235 бастауыш сынып оқушысы қатыстырылды. Тәжірибе жұмысының алғашқы кезеңінде сауалнама, тест, әңгімелесу, шығармалар жаздыру әдістерін қолданып, оқу-тәрбие үдерісінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу жағдайы анықталды.

Педагогикалық тәжірибе барысында көрнекті психолог-педагогтардың патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері туралы еңбектерін зерделей келе, оның нәтижесін бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеуде пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқушының тұлғалық жетілуінде оның өзін ұлт өкілі ретінде сезінуі отбасы көлемінде ғана емес, мектепте, қоғамдық орталарда көрініс тауып отырады. Оқушының адамдармен қарым-қатынасының патриоттыққа тәрбиелеу негізде болуы қандай патриоттық тәрбиенің ең басты құндылық ретінде ұғынылатынына байланысты. Осыны ескере отырып, жұмысымыздың алғашқы кезеңдерінде эксперимент жүргізген сыныптардың ерекшеліктеріне қарай М. Рокичтің «Патриоттыққа тәрбиелеу» әдістемесін(зерттеу мақсатымызға сәйкес икемделген) жүргізу арқылы құндылық ұғымының қаншалықты мәні бар екенін анықтадық[106, б. 95].

Экспериментке бастауыш сынып 3-4 сынып оқушыларын қатыстырдық. Бастауыш сыныптардағы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу үшін, келесі қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану сияқты гуманитарлық пәндерді оқыту барысында талдай келе, патриоттыққа тәрбиелеудің төмендегі мақсаттарын алға қойдық:

жаңа заманда өмір сүруге қабілетті ұрпақ; оқушының саяси, құқықтық және патриотты; азамат пен азаматшалардың құқықтық санасын, қазіргі заманда орын алып жатқан қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Патриоттықа тәрбиелеудегі бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):


- Отанға, туған жерге, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
- ҚР Ата Заңы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту);
- өз мемлекетінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
- ұлттық құндылықтарымызға, құқықтары мен бостандығына;
- өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
- құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүрістұрысына;
- заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;
- әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Жүргізілетін жұмыстар: сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс жұмыстар, үйірмелер, виртуалды саяхат, танымжорық, кездесулер. Жүргізілген жұмыстар арқасында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын жетілдіру. Қашықтықтан пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Оқушылардың қазақ елінің салт-дәстүрінен, мәдениетінен, ұлттық ойындардан байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша виртуалды өлкетану экспедициялары. Оқушылардың халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастамашыл жобаларын дамыту. Жалпы білім беру ордасында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру әр пәнде шағын түрде қамтылғанын байқадық. Сол себепті, егерде әр пәнде күнделікті сабақта отансүйгіштік сезімді қалыптастыруда төмендегі қағидаларды, құндылықтарды пайдаланса жоғары нәтижеге жете алатындығы сөзсіз (Сурет 5).

Жоғарыда аталып өткен жұмыстардан күтілетін нәтижелер:

- бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікті, өзіндік санасын, мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілге құрмет;
- рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбие жұмысын дамыту;
- бала тұлғасына отансүйгіштік тәрбие қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- туған жерді сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

– өз бетімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.



Сурет 5 - Отансүйгіштік сезімді қалыптастыру сызбасы

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде, патриоттық құндылық танымының көлеміне, өзіндік сананың қалыптасу деңгейіне және рефлексиялық талдау сияқты факторларға байланысты болады. Сондықтан, біз зерттеуіміздің тәжірибелік жұмысын бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа

тәрбиелеудің таным-түсініктерін анықтаудан бастауды жөн санадық. Патриоттыққа тәрбиелеу деңгейін анықтау мақсатымен оқушылардың Отанға, туған жерге, ұлттық салт пен дәстүрге өзіндік қатынасын, еліміздің тарихи тұлғалары туралы білімін, отбасы құндылығының мәнін түсінуін қарастыру барысында олардың патриоттық тәрбиесін анықтау басты назарда болды. Халқымыздың ғасырдан ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлерін бүгінгі бастауыш сынып оқушысы қаншалықты біледі, білмегенін білуге ұмтылады ма, ата салтын мақтаныш тұта ма? Оны күнделікті тұрмыста қолдануы қандай деңгейде? Әдебиеттік оқу қастерлеп, оның байлығын меңгеру ынтасы қандай? Ел тарихы мен рәміздеріне құрмет сезімі қалыптасқан ба? Осындай сұрақтарды қамтитын сауалнамалар педагогикалық тәжірибенің анықтау кезеңінде пайдаланылды.

– Педагогикалық тәжірибе жұмысына қатысқан эксперимент тобындағы оқушылардың 32% -ы халқымыздың салт, дәстүрлері, еліміздің тарихи тұлғалары туралы білімдерінің аздығын, әдебиеттік оқудың қасиеті, ел рәміздері туралы жүйелі ой-пікірлерінің жоқтығын байқатты. 47%- ы Отан, туған жер құдіреті туралы тереңірек білуге, салт, дәстүрлерді сақтауға ұмтылатыны, бірақ оларды бағалау, таңдау негізінде құндылық қатынас көрсетуі төмен екені байқалды. Ал, 21%- өз Отанын, оның салты мен дәстүрлерінің мәні мен маңызын терең түсініп, оларды патриоттыққа тәрбиелеу ретінде бағалайтынын, таңдайтынын аңғартты.


Кесте 7 - Педагогикалық тәжірибенің алғашқы кезеңіндегі бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы білімдерінің деңгейі

№	Деңгей	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
1	Жоғары	21% (25оқушы)	17,5% (21оқушы)
2	Орта	47% (55оқушы)	47,2% (55оқушы)
3	Төмен	32% (38оқушы)	35,3% (41оқушы)
4	Барлығы	118 оқушы	117 оқушы

Зерттеу жұмысының бастапқы кезеңдерінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру туралы білім деңгейі келесі ретте эксперименттік және бақылау топтарында жүргізілді. Оны біз (сурет 6) береміз.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің маңыздылығына тоқтала келіп, А.Э. Измайлов «...халықтың ауызша шығармашылығының ең көп таралған түрлері – мақал-мәтелдер... халықтық педагогикалық миниатюралар ретінде қарастырылады, ал ертегілер, дастандар, эпос – еңбекші халық өмірінің оқулықтары тәрізді». Сондай-ақ, «Мақал-мәтелдер» әдістемесі бойынша, қысқартылған нұсқасы пайдаланылды. Әдістеме көмегімен бастауыш сынып оқушыларының өмірге, адамдарға және өзіне деген құнды қарым-

қатынастары анықталды. Бұл әдістеме 3-4 сынып оқушылары арасында өткізілді.



Сурет 6 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру туралы білім деңгейі

Тәжірибе жұмысына қатысқан 59 оқушының 31-нің (52,3%) өмірге деген құндылықты қатынасы байқалса, 17-сі (28,4%) өзге адамдарға атап айтқанда досына, жақын адамына құндылықты қатынасты қалайтындықтарын көрсетті. Білімге құндылық қатынас 11 оқушының (19,3%) жауаптарында көрінді [121, б. 7].

Оқушылармен жүргізілген әңгімелесу барысында олардың пән сабақтарында Отан, туған жер, Отбасы, әдебиеттік оқыту, салт, дәстүр, ел тарихы, рәміздері жөнінде мәлімет беретін оқу материалдарын оқып, меңгеруінің, соған сәйкес құндылықтық негізде бағалай алуының патриоттыққа тәрбиелеу үшін өте қажеттігін анықтадық. Бірақ, бастауыш сынып оқушыларының бұл жұмыстарға онша мән бермейтіні, арнайы теориялық және әдістемелік жұмыстардың жоқтығы, мұғалімдердің де патриоттыққа тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізбейтіндігі байқалды.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы түсініктерінің тәжірибе басындағы жағдайы модельде анықталған деңгейлер бойынша қарастырылды:

- Жоғары деңгей - бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу туралы білуге деген ынта-ықыласы жоғары. Отан, Туған жер, Отбасы құндылықтарын саналы түрде ұғынады. Қарым-қатынастағы туыстық нормаларды біледі. Ұлттық салт, дәстүрлерді біледі, оларды құндылық ретінде таниды, бағалайды. Ел тарихы мен рәміздерін қастерлейді, мазмұнын, мәнін толық түсінеді. Патриоттық тәрбие жөніндегі білімін үнемі толықтырып отырады.

- Орташа деңгей - Отан, Туған жер, Отбасы құндылықтарының маңыздылығына онша мән бермейді, қарым-қатынастағы туыстық нормаларды білгенімен, олардың патриоттыққа тәрбиелеу ерекшеліктерін

ескермейді. Ұлттық салт, дәстүрлердің мазмұнын меңгергенімен оларды маңызды деп есептемейді. Ел тарихы мен тарихи тұлғалар туралы білімі аз.

Төмен деңгей - Оқушылардың патриоттық тәрбие туралы түсініктері жеткіліксіз. патриоттық тәрбиенің маңызын, қажеттілігін түсінбейді.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, бастауыш сыныпта оқушыларға патриоттық тәрбие туралы жүйелі түсінік пен саналы қатынас қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың жеткіліксіз екенін айтуға болады. Сол себепті бастауыш мектептен бастап оқу үдерісі барысында патриоттыққа тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарды жүйелеп, оны тиімді жолдармен жүзеге асырудың әсері мол.

Білім берудің шынайы мақсаты – адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Қазіргі педагогика ғылымы оқу-тәрбие саласындағы басымдық міндеттердің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде жетілдіру қажеттігін қойып отыр. Сондықтан бастауыш сыныпта оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен оқушының пәндік білімдерінің жиынтығын ғана қарастырып қоймай, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке тұлғасын тәрбиелеуге көңіл бөлінуінің маңызы зор. Бұл кезеңдегі жұмыстың мақсаты оқушылардың патриоттық тәрбиесін оқу үдерісі барысында қалыптастыру.

Осы мақсатты іске асырудағы міндеттер:

- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қандай патриоттық тәрбиені меңгертуге болатынын айқындау;
- бастауыш білімнің базалық деңгейін ескере отырып білімдік-танымдық бірлік негізін ұсыну(пәндер арқылы);
- патриоттық тәрбие беру механизмдеріне көңіл бөлу.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесінде оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздері мен мұғалімнің практикалық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінің бірлігі қарастырылады. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бастауыш сынып оқушысының жауапкершілігі жоғары, білімденуге қажет негізгі психикалық алғышарттарға ие. Д.Б.Эльконин оқушының жаңа оқушы рөліне даярлығын айқындайтын мынадай белгілерді көрсетеді:

- ережеге, нұсқауға сәйкес әрекет ете алуы;
- құралдарды пайдалану деңгейі (бейнелер, белгілер, символдар);
- басқа адамның позициясын есепке ала білуі.

Сондықтан зерттеуіміздің бұл сатысында оқушы бойында патриоттыққа тәрбиелеудегі әрбір оқушының, әр сыныптың ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру, оқу үдерісінде этнопедагогикалық құралдарды кеңінен пайдалану назарда болады.

Оқыту – екі жақты үдеріс. Онда мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастық іс-әрекеті жүзеге асады. Яғни бұл – сабақ беру және оқу әрекеті. Оқу барысында оқушылардың ақыл-ойы, танымы, білігі мен дағдысы

калыптаса отырып, әр оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы жүзеге асырылады. Демек, оқытудың білім беру негізі білік пен дағдыны игерту үшін оқушының бойында жалпы адамзаттық, ұлттық, рухани-патриоттық тәрбиені жинақтаған тұлға қалыптастыруға бағытталады. Олай болса, оқу үдерісі оқушының әрбір даму кезеңдерінде пайда болған жетекші әрекетіне сәйкестендіріліп, қоршаған дүниені тануға, танымдық әрекет тәсілдерін меңгеруге, бойындағы қабілеттерді жетілдіруге, жеке тұлға ретінде қалыптасуға ұмтылу қажеттіліктерін туғызады.

Оқу әрекеті – күрделі, жан-жақты үдеріс, ол оқушының барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Оқушының ақыл-ой еңбегі мен белсенді әрекеті болуға тиіс. Ол оқушының жалпы психологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Оқушының ақыл-ой әрекеті, оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік, т.б. психикалық үдерістерімен іске асырылып отырады. Бала дамуының басты шарты, оқушылардың кейінгі саналы өміріне қажетті патриоттыққа тәрбиелеу негізін құрайтын қызығулардың, түрткілердің, сенім-мұраттарының сипаты болғандықтан, оқу үдерісіндегі маңызды мәселелердің бірі – патриоттық тәрбиені ендіре отырып, саналы оқу әрекетін қалыптастыру.

Бастауыш оқытудың дидактикалық негіздерін қарастыруға арналған ғалымдардың (М.В. Матюхина, Н.Ф. Талызина, А.Қ. Аренова, Қ.А. Аймағамбетова, Ж.С. Сардарова т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, сабақ барысында патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктеріне көңіл аудардық.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу құрылымы сабақ мазмұнындағы халықтық білімдер арқылы анықталады. Осы білімдер оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыра отырып, олардың бойындағы патриоттық тәрбие қатарының артуына ықпал етуге тиіс.

Патриоттыққа тәрбиелеу - тұлғаның өмірлік тәжірибесімен бекітілген, оның барлық бастан кешкендерінің жиынтығы арқылы тұлғаны маңызды әрекеттерге итермелеп, ал мәні төмендерден сақтандырушы тұлғаның ішкі құрылымының маңызды бөлігі екендігі белгілі. Сондықтан, оқу үдерісінде патриоттыққа тәрбиелеу үшін оқушының көңіл-күйін, психикалық жағдайын есепке алған жөн. Бұл жастағы оқушының зейіні ырықсыз, тұрақтанбаған болады. Бастауыш мектептегі алғашқы жылдардағы оқу үдерісінде оқушының зейін мәдениетіне көңіл бөлінеді. Қазақ халқында бұл жайтты «Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетеді, құйма құлаққа айтсаң құйып алады»-деген мақалмен сипаттайды.

Бастауыш сынып мұғалімі бір мезгілде оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын қадағалап, сонымен қатар олардың психофизиологиялық, көңіл-күй жағдайын бүкіл оқу үдерісі бойына іске асырады. «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кіналамай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен терминдерді

пайдаланбастан, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек», - деген Ы. Алтынсариннің кеңесі бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеу жұмысында ескерілуі қажет [35, б. 115].

Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығын талдау арқылы бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарды белгілі жүйе түрінде қарастырамыз. Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасында қарастырылды материалдарға біз өзіміздің зерттеу нысанамызға сай Отан, туған жер, салт, дәстүр, әдебиеттік оқыту, ел рәміздері, тарихи тұлғалар тақырыптары бойынша оқушыларға қосымша толықтырулар ұсындық.

Патриотизм иерархиясын жасай отырып, оның басым бағыттарын белгілеуде әдебиеттік оқыту сабағындағы мәтінмен жұмыстану ерекше орынға ие. патриоттық тәрбие бастауын салт, дәстүрдің игі әсерлеріне негіздейтін және қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға бейімдеп отыратын мәтіндерді сабақ мазмұнына енгізіп отырудың еш артықтығы болмас деп ойлаймыз. Бастауыш сыныптағы сабақтарда патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын, арнайы бағыттайтын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі патриоттыққа тәрбиелеу жұмысы жүзеге асырылады. Бұл арқылы мәтіндердің ақпараттық және тәрбиелік сипатына оқушы назарын аударуға болады. Осындай патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты мәтіндерді бастауыш сыныптың қазақ тілі, әдебиеттік оқыту, жаратылыстану т.б. пәндерінде де пайдалану мүмкіндігі мол екенін тәжірибе барысында байқадық.

Жалпы әдебиеттік оқу сабағының мазмұны құндылықтарға бағыттап отыратын білімдік-тәрбиелік сипатымен ерекшеленеді. Әдебиеттік оқыту пәні бойынша оқушыларға ұсынылатын патриоттық тәрбие мазмұнды мәтіндерде бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне сәйкес таным мүмкіндігі ескеріледі және оқыту мақсаты оқушы тұлғасын тәрбиелеуге бағытталады. Сонымен бірге, оқушының санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер етудің бірлігі қарастырылады. Патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты мәтіндердің мазмұнында қабылданған, мойындалатын құндылықтарға тікелей баға беріледі, эмоциялық қабылдауды белсендіретін, құндылыққа сендіруді көздейтін және қарама-қайшылық арқылы патриоттық тәрбиені көрсететін тұстары мол болады.

Тәжірибе барысында әр сабақта қосымша мәтіндермен жұмыстар ұйымдастырып отырдық. Мәселен, 3-сыныпта «Шаңырақ шуағы» тарауында мынадай шығармалар қарастырылды: «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен»(М. Мақатаев), «Әже» (С. Қалиев), «Ана» (Ғ. Мүсірепов), «Не тәтті» (аңыз), «Ең жақын адам»(Ф. Оңғарсынова).

Осы «Шаңырақ шуағы» тақырыбын өту барысында имандылыққа, ата-анаға құрмет көрсетуге арнайы бағыттайтын, оқушылардың таным түсінігіне сай келетін мынадай шағын мәтіндерді материалға қосымша ұсындық:

Мысалы: 1-мәтін «Туған әке-шешен - жер бетіндегі кіші құдайың. Әке-шешенді қуантсаң, мен де қуанамын. Ренжітсең мен де ренжимін. Менің қандай пиғылда екенімді, әке-шешеннің қас-қабағына қарап білесің». [33, б. 97].

2-мәтін «Әдебиеттік оқу, ана тілегі, ана арманы, ана көркі, ана алғысы - дүниенің мәні мен мағынасы. Ал, ананың қарғысы, ананың өкініші өте қатерлі. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы жоқ. Өйткені, ананың көз жасы өзінің киесінен ауыр». Мәтінде кездесетін жаңа ұғымдармен сөздік жұмысы жүргізілді («кие», «пиғыл» ұғымдарын түсіндіру) және мәтін мазмұны бойынша оқушылар өз көзқарастарын айтты. Обал, сауап, кесір, кие, ысырап ұғымдарына ерекше мән беріп осыған қатысты мысалдар этикалық әңгімелер, аңыз әңгіме құрастыру да жақсы әсер ететінін тәжірибе барысында байқадық. Осы мәтінге сәйкес тағы да мынадай сұрақтар берілді:

- әкеңе, анаңа деген сүйіспеншілігіңді қалай білдіресің?
- әкеңді, анаңды жақсы көретініңді қандай сөздермен білдірер едің?
- мейірімділік сезімін кімге білдірер едің?
- әкеңнің, анаңның қандай қасиеттері саған ұнайды?

Сөйтіп, мәтіндерді талдау барысында мәтін мазмұнына қарай сезім тудыра отырып, оның мазмұны жеке тұлғаның патриоттық тәрбие дүниесін байытатындай, оның өзіндік пікірін туғызатындай деңгейде болғанын назарда ұстадық. Сол арқылы жеке тұлғаның патриоттық тәрбиесінің қалыптасуына әсер ету мүмкіндігі қарастырылды.

Бұл ақпараттардың ішінен бала өзіне ең қажет, ең маңыздыларын *іздеуді, бағалауды, таңдау мен көшіруді* үйренеді. Сөйтіп, патриоттық сезім кездесуден әсерленіп, қуануға жағдай туғызу нәтижесінде сол құндылық ұғымдарға жағымды көзқарас қалыптастыру көзделді.

Сонымен қатар, «Шаңырақ шуағы» тақырыбын қорытындылауда оқушылар «Менің сүйікті әжем», «Менің атам», «Менің бабаларым» т.б. тақырыптарына шағын шығарма жазды.

Отбасындағы ағаның іні мен қарындасқа деген қамқорлығы, керісінше іні мен қарындастың ағаларын құрметтеп, бедел тұтуы туыстық қарым-қатынастың құндылығын асыра түспекші. Апа-сіңлі, аға-іні қатынастарына ерекше мән беріп, туыстық сезімді оятатындай әсерлі әңгімелер оқулықтағы тақырыптардың мазмұнына сәйкес, оларды одан әрі толықтыра түсу мақсатында пайдаланылды.

Осы мәтіндермен жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың да патриоттыққа тәрбиелеуде маңызы ескерілді. Мысалы: мәтіндегі оқиға 1-жақта баяндалып тұрса, оны 3-жаққа ауыстыру, мәтінді жалғастырып аяқтау, мәтінді диалогқа айналдырып, рөлге бөлініп оқу, мәтінге байланысты сурет салу, мәтін бойынша берілген оқиғаға оқушының өз көзқарасын айтқызу т.б.

3-сыныптың «Жаратылыстану» пәнінде Қоғам. Отбасы. тарауы бойынша «Отбасы» тақырыбында мәтін берілген. Мен және біз. («туыс» ұғымы)

- Ата мен әженің немерелерімен отырған суреті (әңгіме құрауға). Осы тақырыптарды өтуде құндылыққа арнайы бағдарлайтын халқымыздың туысқандық, отбасылық дәстүрлері туралы шағын мәтіндерді пайдаландық.

Мысалы:

1-мәтін. «Нағашыға жиен батым келеді, халық дәстүрі бойынша нағашысы жиеніне «қырық серкеш беруі» керек. Сондықтан болар, жиен көңілі түскен нәрсесін: жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, берен мылтық т.б. осы сияқты бұйымтайын нағашысы қолынан бермесе, жиен жолынан алуға ерікті, ол үшін жиен айыпты болмайды. Жиеннің қандай еркелігін болсын нағашы жұрты көтереді де оған әрдайым қамқорлық жасап отырады. Сондықтан да халық даналығы: «Нағыз тілеуқор, қамқоршы нағашы жұртың» дейді. Жиенді баласындай ерекше ардақтау қазақ халқының қанына сіңген дәстүрі».

Мәтінмен жұмыс барысында «жиен», «нағашы» ұғымдарын нақтылауға, оқушылардың жиен, нағашы деген қандай туысқандықты білдіретін ұғымдар екенін түсінуіне көмектесетін сызба ұсынылады. Сондай-ақ, балаларға өз нағашылары туралы әңгімелеуді тапсыруға болады.

2-мәтін. «Қазақ арасындағы туысқандық қарым-қатынас тек ерлер тарапынан ғана болып қоймайды. Қыздар ұрпағы, жиендер мен нағашы арасындағы қарым-қатынастар да ерекше құнды. Әр елге ұзатылған апалы-сіңлілі қыздардың балалары бір-біріне бөле болып келеді. Бөлелер арасында олардың аналарының туыстық жақындығына байланысты аса бір сыйласымды, жылы қарым-қатынас болады. Оларды туыстық жағынан жалғастыратын – нағашы жұрты, яғни, бұл екі жаққа да бірдей аналарының төркіні» [116, б. 47].

Мәтінмен шығармашылық жұмыс оқушылардың «бөле» ұғымына қатысты мақал-мәтелдер жазуы және әңгімелер құрастыруы арқылы осы туысқандық қатынастың құндылығын түсінуге көмектеседі.

3-мәтін. «Әкем шақырып: «көз» бен «көзі» деген сөздердің мағынасын маған ажыратып берші», - деді. Мен мақұл дедім де : «Көз» деген мынау деп көздерімді сипалап жібердім де, жыпылықтатып қойдым. Енді «көзі» дегенге келсек, - менің көзім, оның көзі, - деп тақпақтай бастадым.

-Еһ, е, білмедің. Мынау тұрған жүкайқ-әжеңнің көзі, анау керегедегі ілулі тұрған аяққап әжеңнің әжесінің көзі. Ал, мына менің қолымдағы қамшы сенің атаң ұстаған қамшы. Сол күннен бастап, мен үйдегі ата-әжелерім ұстаған мүліктерге айрықша жылы қарайтын болдым» («Балдырған» журналы).

Бұл мәтіндегі оқушыға меңгерту көзделетін түсінік – отбасында қадірлеп, қасиетті зат ретінде сақтайтын дүниелердің болатындығы.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әліп-би» оқу құралында осындай халқымыздың тұрмыс тіршілігінен хабар беріп, оқушылардың ұлттық сана-

сезіміне әсер ететін мәтіндер мол («Сонар», «Күзем», «Үмені көргенім» т.б.). Мысалы «Үмені көргенім» тақырыбындағы мәтінде «үме» ұғымы бала түсінігіне сай қарапайым деңгейде баяндалады. Қазақтың өзара көмек көрсету, қиын-қыстау кезде «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» - деп қол ұшын беруі халқымыздың қасиетті ұлттық дәстүрі екендігінен хабар береді. Осындай мәтіндерді оқушыларға оқу үдерісі барысында ұсынып отыру арқылы оларды қазақ халқының құнды дәстүрлерімен таныстыра отырып, оған құндылық қатынас қалыптастыруға болады [41, б. 128].

Осы мәтіндерді талдау барысында «Менің отбасымның дәстүрлері», «Менің туыстарым» тақырыбында сызбалар жасауға тапсырма беру де тиімді болады. Бастауыш сынып оқушылары әдетте әр түрлі тапсырмаларды ұқыпты орындайды. Тапсырмалар беру жүйесін құру, қол жеткізген табыстары үшін оқушыларды мадақтап отырудың маңызы зор. Мұғалімнің мадақтауымен қатар өз құрбы-құрдастарының мақұлдауына да бастауыш сынып оқушылары сезімталдықпен қарайды.

Мекенжай тақырыбын өтуде халқымыздың көршілік дәстүрлерін, қонақжайлық дәстүрлерін құндылық ретінде меңгерте отырып, адам аралық қарым-қатынастағы ұлттық нақышқа көңіл аударамыз. Осы мақсатпен бұл тақырыптарды өту барысында да оқушыларға «қонақ», «көрші», «қара шаңырақ», «отау үй» т.б. ұғымдарға түсінік беретін шағын мәтіндер ұсындық.

1-мәтін. «Қарашаңырақ – ата-бабадан қалған үй. Атадан оқушыға қалып келе жатқан киіз үй(қыстау) қасиетті орын есебінде сақталған. Мұндай үйді күтіп, таза сақтайды» [120, б. 71].

2-мәтін. «Төр - әр үйдің қонақ отыратын жоғары әрі қасиетті орны. Үйге келген адамға «төрге шығыңыз» деген ілтифат пен ақ ниет осыдан шыққан» [120, б. 72].

Оқушылар мәтінмен жұмыс барысында электронды оқу құралындағы бейнелерді пайдалана отырып, осы ұғымдарды сызбаға түсіреді. «Мекенжай» тақырыбын өту барысында рөлдік ойындарды, түрлі ситуациялық жаттығуларды да беріп отыруға болады.

Балаларға ұсынылатын шағын мәтіндермен жұмыс барысында:

- патриоттық тәрбиені эмоциялық қабылдауды белсендіретін әдістер пайдаланылды;
- мойындалған құндылықтарға тікелей баға берілді;
- құндылықтарға сендіретін, иландыратын әдіс-тәсілдер қарастырылды;
- оқушылардың құндылықтар әлемі жөніндегі түсініктерін кеңейте түсетін ақпараттардың жаңалық жағының басым болуына көңіл аударылды.

Сондай-ақ, бұл жаста бала өзіндік сана-сезімнің жаңа сатысына көтеріледі. Сыртқы әсерлерді қабылдағыштығы, бәрін білуге құмарлығы, ынталылығы олардың ұлттық салт, дәстүрлердің мәні мен маңызын түсініп, оларды саналы түрде меңгеруіне көмектеседі. Патриоттыққа тәрбиелеу жұмысында балалар меңгеретін әр ұғымның маңызы, қажеттілігі бала

түсінігіне сай деңгейде кеңейтіліп, қызықты мәліметтермен толықтырылып, өмірлік мысалдармен әсерлендіріліп отырғаны жөн. Осы мақсатты көздей отырып өткізілген бір сабақты мысал ретінде ұсынамыз.

Тәрбиелік мәні зор бата сөздерін оқушыларға жаттата отырып, олардың не үшін, қандай жағдайда қолданылатынына көңіл аудару көзделеді. Дәстүрлі бата сөздерінің негізгі түйіні - өскелең ұрпақты батыр, өжет, адал, ел намысын қорғайтын намысшыл болуға үндеу болып табылады.

Осындай деңгейде Талдықорған қаласы №19 орта мектеп-гимназиясы 3 сыныпта қазақ тілі сабағында бата сөздерін үйретуге арналып өткен сабақ онлайн форматта жүргізілді(Қосымша А).

Сабақтың қысқаша мазмұны. Бұл сабақта мұғалімнің назары оқушылардың қажет мәліметтерді *іздеу, бағалау, таңдау және оны иелену* іскерліктерінің қалыптасуына аударылады.

Бастауыш сыныптарда сабақта оқуға, жаттап алуға арналған әңгімелер мен өлеңдерде мұғалім оқушыларды өзіндік ой тұжырымдарын жасауға, өлең мәтіндеріне сәйкес көңіл-күйге, әсерленуге, рефлексия туғызуға мүмкіндік беретін жұмыс түрлерін ойластырады. Бұл жұмысты жүзеге асыруда бастауыш сынып оқушысының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері есепке алынып, мұғалім мен оқушының сезімдік қарым-қатынасы орнайды.

Басқа да психикалық процестер сияқты оқу әрекеті жағдайында бастауыш сынып оқушыларының эмоциясының жалпы сипаты өзгереді. Бұл балаларға әрқашан сергек, қуанышты көңіл-күй тән бола отырып, олар өз көңіл-күйлерін басқара да алады. Сабақтың эмоциялық фоны, білімді эмоциялық қабылдау, білім мазмұнына патриоттық тәрбие қатынас орнатуда мұғалімнің өзінің эмоциялық қатынасы ерекше мәнге ие. Өйткені қабылданатын ақпарат оқушының өз эмоциясы мен ақпаратты хабарлаушы жақтың эмоциясы әсерінен жаңа бір эмоциялық мәнде «сынып» отыратындығы туралы психологиялық зерттеулерде көрсетілген].

Тәжірибе барысында келесі сабақты Алматы облысы, Алакөл ауданы, Токжайлау орта мектебі 3 сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнінен өткізген ашық сабағымызды айтуға болады (Қосымша Ә).

Патриоттық тәрбиені иелену кезеңінде оқушыда құндылықтар әлемі туралы білімдер жүйесі жинақталады, ол білімдерге құнды қатынас қалыптасады. Бастауыш сыныптағы пәндер ықпалдастығы әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруда этникалық білімдер жүйесі арқылы патриоттық тәрбие беру мүмкіндігін кеңейте түседі. Әсіресе, патриоттыққа тәрбиелеуде «Әдебиеттік оқу», «Жаратылыстану» және «Қазақ тілі» пәндерінің ықпалдасу мүмкіндігі зор. Сондай-ақ, адам аралық қарым-қатынас тақырыбын 3-сыныпта өткен кезде де патриоттыққа тәрбиелеу мазмұны тапсырмаларды, талдау, тұжырым жасау, салыстыру әдістерін қолдану барысында халқымыздың сөз құндылығын, ым-ишара құралдарын қарым-қатынаста пайдалануға көңіл бөлінді. «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» - дейміз. Ым түгілі, қабақ қағысынан, бас шайқауынан, көз қиығынан т.б. қимыл-әрекеттерінен қазақтың мәдениет үлгілері мол байқалады.

Оқушының білімді қабылдауына түрлі факторлар әсер ететіні сөзсіз. Әрине мұғалім бұл факторларды да есепке алып, есте ұстайды. Оқу үдерісі барысындағы мұғалім тұлғасының шығармашылық сипаты, қарым-қатынастың субъект-субъектілік жүйесіне бағытталғандығы және рефлексиялық қабілеттілігі сияқты педагогикалық-психологиялық шарттардың сақталуы патриоттыққа тәрбиелеудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Бастауыш сынып оқушыларының үнемі қимыл-әрекетте болуы белсенді оқыту әдістерінің қолданылуын қажетсінеді. Осыны есепке ала отырып, сабақтарда іскерлік ойындар, пікірсайыс әдістері жүйелі түрде пайдаланылды.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған жүйелі жұмыстар барысында олардың тұлғалық жетілу қуаты арта түседі.

Педагогикалық тәжірибе қорытындыларына орай бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту мазмұнына енетін патриоттыққа тәрбиелеу объектілер жайындағы ақпараттық мағұлматтарды оқушылардың саналы түрде меңгеруі үшін мынадай міндеттер жүзеге асырылуы қажет деп есептейміз:

- оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге жататын объектілерді жүйелеп, пәндердің ықпалдастығын ескере отырып беру;
- патриоттық тәрбиенің мән-мағынасы жайлы жазылған ақпараттарды оқушыларға қызықты етіп жеткізудің тиімді жолдарын қарастыру;
- ақпараттарды игеруде алынатын нәтижені ұлттық деңгейдегі базалық біліктер қатарына ендіру;
- патриоттыққа тәрбиелеуге негізделген мәтіндегі негізгі ұғымдарға, қағидалар мен ережелерге түсінікті түрде сипаттама бере отырып, бала тілінде жас ерекшелігіне сай баяндау;
- патриоттық тәрбие жайындағы мәліметтерді игеруде ақпараттық технологияны пайдалануды жан-жақты жетілдіру.

Патриотизмге, мәдениеттілікке және парасаттылыққа тәрбиелеудің қайнар көзі ұлттық мүдденің бір саласы ретінде оқулықтарға енгізілген патриоттық тәрбие туралы ақпарат екені белгілі. Сондықтан патриоттық тәрбие және оларды сипаттайтын ақпараттық материалдар толық жүйеде берілуі керек. Сонымен, патриоттық тәрбиені меңгерген, рухани бай, жігерлі, жігерлі және білімді тұлға қалыптастыруға болады.

Әлеуметтік жағдайлар, әлеуметтік орта баланы әрқашан мінез-құлықты таңдауға мәжбүр етеді. Өз бетімен қандай мінез-құлықты таңдайтыны көп жағдайда оқушының патриоттық тәрбиеларының деңгейіне байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі тану қабілеті қалыптаса бастайды, әлеуметтендіру, яғни әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, өзін қоғамға қатыстыруы іске асады. Сондай-ақ, бастауыш сыныптағы оқу пәндерінің негізіндегі сыныптан тыс шараларда оқушылардың белсенділігін арттыру, патриоттық тәрбиені бағалау, таңдау, иеленуін қамтамасыз етудің маңызы зор деп білеміз. Осының бәрін ескере отырып, бастауыш сыныптардағы

гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу үшін бастауыш сыныптың вариативті сағаттар есебінен «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультативтік курсының жұмысы жүргізілді. Біз ұсынып отырған факультатив курсының мақсаты - қазақ халқының сан ғасырлар бойы дәріптеліп келген салт, дәстүрлері, құнды дүниелері туралы бастауыш сынып оқушыларына толығырақ мәлімет беру, олардың сана-сезіміне сіңіру. Оқушылардың Отан, туған жер, халқымыз мақтан тұтатын ұлы тұлғалар қасиетін ұғынуына ықпал ету.

Факультатив курсының міндеттері:

- патриоттық тәрбиені танып білуге оқушылардың қызығушылығын тудыру;
- оқушылардың патриоттық тәрбие туралы білімдерін толықтыра отырып, ол құндылықтарға деген қатынасын қалыптастыру;
- бастауыш сынып оқушыларын патриоттық тәрбиені тануға, бағалап, таңдай білуге үйрету.

Бұл факультатив курсы оқушылардың қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану пәндерінен алған білімдеріне сүйенеді.

Факультатив курсы бағдарламасындағы оқушылардың білім, білік, дағдысына қойылатын талаптар:

- «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультативтік курсының маңызын, оның басқа пәндермен байланысын білу;
- оқушының патриоттық тәрбие жөніндегі білімдерінің өз жас ерекшеліктеріне сай жеткілікті болуы;
- ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқындағы ұлттық сипаттарының жетілуі.

Ұсынылған бағдарламада меңгерілетін тақырыптар сағаттарының жоспары, үлгі сабақ мазмұндары көрініс тапқан. Сабақтарды этикалық әңгіме сағаттары, дөңгелек стол, пікірсайыс формаларында ұйымдастыра отырып, оқушылардың патриоттық тәрбиемен тереңірек танысу арқылы сол патриоттық тәрбиені мойындауына, таңдауына көмектесуді көздейміз.

Қай заманда да әр адамның санасындағы аса мазмұнды және құрметті мәртебеге ие ұстаным – ол отансүйгіштік (патриоттық) сезім (іс-әрекет) болып келгені ақиқат. Ал патриот болу деген ел азаматының адамгершілік және саяси қағидаты, туған жерге, елге сүйіспеншілігі, қажет болса, мемлекеттік міндеткерлікті жеке мүддеден жоғары қоюды талап ететін әлеуметтік сезімі ретінде танылған. Туған елінің құндылықтарын, әсіресе, тілі мен мәдениетін әрдайым құрметпен жоғары ұстап, ол құндылықтарды басқа ұлттар мен ұлыстарға, мемлекеттерге тарату да отансүйгіштіктің белгісі. Отансүйгіштіктің тарихи негізін ғасырлар бойы жинақталған адами тәжірибе соның ішінде ұлт, ұлыс, жалпы этностың артықшылықтары қалайтынын, қажет болса, жанын салып отанды қорғау екенін көне тарих дәлелдеуде.

Осы ретте, біз бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты авторлық факультативтік курс бағдарламасын құрдық. Оның реті 8 – кестеде берілген.

Кесте 8 - Бастауыш сынып оқушыларына (3-4-сыныптар) арналған «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультативтік курс бағдарламасы (15 сағат, аптасына 1 рет)

№	Мазмұны	Сағат саны
1	Туған елім - Қазақстан	1
2	Нұр-Сұлтанға саяхат	1
3	Жер жаннаты - Жетісу	1
4	Ауылым - алтын бесігім!	1
5	Бақ қала - Талдықорған	1
6	Өлеңімен бөбек бөлеген-Ілияс бабам	1
7	І.Жансүгіров мұражайына саяхат	1
8	Қаракерей Қабанбай батыр ерлігі	1
9	Бабалар ескерткішіне тағзым	1
10	Бабалар мұрасын жадымызда сақтайық!	1
11	Ұлттар достығы – толеранттылық тағылымы	1
12	Тіл тазалығы ұлт тазалығы	1
13	Халқымның дәстүрі ұрпаққа аманат	1
14	Мемлекет рәміздерін білу парыз	1
15	Отанды сүйу – құндылық бастауы	1
	Барлығы	15 сағат

Бағдарлама мазмұны

2- тақырып. Нұр-Сұлтанға саяхат.

Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы жайында мағлұмат беру. Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерімен танысу.Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласына бастауыш сынып оқушылары Нұр-Сұлтан қаласына барған болса, сол жерде көрген әдемі жерлерін суреттеп, бейнелеп, өздерінің білгендері жайында әңгімелеу.

3- тақырып. Жер жаннаты - Жетісу.

Бастауыш сынып оқушыларына Жер жаннаты - Жетісу жайында мағлұмат беру. Туған жердің қадірі, сүйіспеншілігін тілмен жеткізу. Жетісуда туып өскен ақын жазушылардың шығармаларымен таныстыру. (электронды оқу құралы).

4-тақырып. Ауылым - алтын бесігім!

Ауыл туралы айтқан кезде өзіміздің туып өскен туған жеріміз көз алдымызға келеді. Туып өскен жердің тасы да, суы да, қымбат. Ауылға барғанда әжемнің күтіп алған, маңдайымнан иіскеп бата бергені есімізден кетпейді. Бастауыш сынып оқушыларына ауылдағы өздерінің жазғы демалысты қалай қызықты өткізгендері жайында эссе жазғызу.

5-тақырып. Бақ қала - Талдықорған

Біздің жер жаннаты - Жетісу Талдықорған қаласы жайында мағлұмат беру.

Талдықорған қаласының әсем жерлеріне, ғимараттарына, мұражайларына, саябақтарына виртуалды саяхат жасап, сол жерлерді суреттеу. Талдықорған қаласындағы көрген, барған жерлерін суретке түсіріп буклет жасау.

6-тақырып. Өлеңмен бөбек бөлеген - Ілияс бабам.

I. Жансүгіровтың «Өлеңмен бөбек бөлеген» тақырыбында балаларға арналған өлеңдері туралы мағлұмат беру. Бастауыш сынып оқушыларына ақынның туып өскен жері жайында, өлеңдері мен мұражайын таныстыру. I. Жансүгіровтің ескерткіші осы Талдықорған қаласында орналасқан. Ақынның ескерткішіне саяхат жасау.

7-тақырып. I. Жансүгіров мұражайына саяхат.

Ілияс Жансүгіров мұражайына виртуалды саяхат жасау. Мұражайға саяхат арқылы ақынның тұрған үйі, жазған өлеңдерін оқу арқылы бала бойына дарыту. Мұражайда не көргендерін, қандай әсер алғандары жайында шағын шығарма жаздыру.

8-тақырып. Қаракерей Қабанбай батыр ерлігі.

Осы біздің батырларымыз туралы мағлұмат беру. Батыр бабаларымыздың ерлігі жайында, олардың туған жері, елі үшін Отанын қалай қорғағаны, батырлықтары, ерліктері туралы мәліметтер беру. Кейінгі біздің өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге сол батырлардың елі, жері үшін қалай күрескені туралы бейнеролик көрсету. Сол батырларымыз сияқты ержүрек, елін жаудан қорғаған батыр болып өсулеріне, елінің патриоты болуын мақтан тұту керек екенін түсіндіру.

9-тақырып. Бабалар ескерткішіне тағзым.

Қазақстанның барлық жерлерінде біздің бабаларымызға арнап ескерткіштер орнатылған. Бабалар ескерткіштерін таныстыра отырып, олардың шешендік сөздерін, айтқан қанатты сөздерін оқушылардың бойына сіңіртіп, сол бабаларымыз сияқты сөзге шешен, дана, болғандары жайында толық мәлімет беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының бойына ескерткіштің де жайдан жай қойылмайтындығы сол кісілердің осы еліне, жеріне жасаған көп еңбектерінің арқасында біз осындай қазақ деген елдің азаматы екенін ұғындыру.

10-тақырып. Бабалар мұрасын жадымызда сақтайық!

Бастауыш сынып оқушыларына біз тәуелсіз елдің азаматы болғандықтан, осы елдің, жердің, табиғаты, хош иісті гүліне дейін қымбат екені сол туралы түсінік бере отырып өз еліміздің барлық жақсы жерлері қымбат екенін оқушы бойына сезіндіру. Болашақ біздің жастарымыздың, бүлдіршіндеріміздің қолында. Бастауыш сынып оқушыларына бабалар мұрасының маңызды екенін естеріне сақтап, соны ұғындыру.

11- тақырып. Ұлттар достығы – толеранттылық тағылымы.

Қазақстанда 130-дан астам әртүрлі ұлт өкілдері тұрады. Олар бір бірімен тату тәтті өмір сүруде. Қазақтың қонақжай осындай қарапайым

екендігінің арқасында біздің бәріміз бір шаңырақ астында бірлікте, ынтымақта өмір сүріп жатқанын түсіндіре отырып сол жайлы мағлұматтар беру. Балаларға сұрақ жауап арқылы тақырыпты ашу.

12 –тақырып Тіл тазалығы ұлт тазалығы.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Сондықтан тілімізді, дінімізді, ұлтымызды өз тілімізді құрметтеу әр адамзаттың міндеті. Өз тілімізге құрметпен қарап, жанымыз ашуы тиіс екендігі бастауыш сынып оқушысына қазақ тілін таза сөйлеп, ардақтап, құрметтеуіміз керектігін айту.

13-тақырып. Халқымның дәстүрі ұрпаққа аманат.

Қазақ халқының салт дәстүрі жайында түсінік беру. Бастауыш сынып оқушыларына қазақтың қандай салт дәстүрлері бар екенін үлкенді сыйлау, мейірімді, әдепті, тәрбиелі, қайырымды болу керектігін ұрпаққа аманат екендігін сол дістүрлеріміз ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуын үйрету.

14-тақырып. Мемлекет рәміздерін білу парыз.

Бастауыш сынып оқушыларына рәміздерді таныстыру. Рәміздердің әрқайсысының өзінің белгілі бір орны мен тарихы туралы түсінік беру. Меелекет рәміздері Ту, Елтаңба, Әнұран жайлы мағлұмат беріп сол жайында түсірілген бейнематериалдар мен суреттерді көрсету. Көріп білген кезде бала бойында жақсы сақталатыны көрінеді.

15-тақырып. Отанды сүю – құндылық бастауы.

Отанды сүю - отбасынан басталады демекші, отбасы - шағын мемлекет. Бастауыш сынып оқушыларына өз Отанына сүйіспеншілігін жеткізу. Өз елінің, жерінің патриоты болуын мақтан тұтуға сол елдің азаматы екенін түсіндіру. Қазақ халқын, елін, жерін, Отанын әрдайым мақтан тұту.

Әр тақырыптың мазмұнына сәйкес оқушылардың патриоттық тәрбие әлемі туралы түсініктері қалыптаса бастайды, айналасындағы заттарға, құбылыстарға қатынасы өзгереді, өзін ұлт өкілі ретінде тануға талпыныс жасайды. Бұны педагогикалық тәжірибе кезіндегі осы бағдарлама бойынша жүргізілген сабақтар дәлелдеді. Аталған курс Талдықорған қаласы №16 орта мектеп-гимназиясы, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Токжайлау орта мектептерінде жүргізілді. Осы курстың кейбір сабақтарының мазмұнын келтіреміз.

Сабақтың тақырыбы: Достық, көршілік қарым-қатынас дәстүрлері.

Сабақтың мақсаты: а) бастауыш сынып оқушылары арасында айқын белгіленген достық пен жолдастық қарым-қатынаста оқушыларды талғампаздық танытуға және достық қарым-қатынас орната біліп, достық байланыстарды қадірлеуге үйрету.

б) қазақ халқының «көрші қақы» деген ұғымының мәнін ұғындыра отырып, көршіге деген ерекше көзқарас қалыптастыру.

Көрнекіліктер: электронды оқулықта достық тақырыбындағы, көршілік хақындағы мақал-мәтелдерді беру.

Әдістер: сұхбат, рөлдік ойын.

Барысы: Мұғалім сабақты сұрақ қоюдан бастайды:

- Балалар, дос деген кім?
- Сен үшін достық сөзінің қаншалықты мәні бар?
- Өзара көмек.
- Демеу көрсету.
- Қуаныш.
- Адалдық т.б.

Ия, ол біздің өзімізге жақын тартатын құрбыларымыз, құпияларымызды бөлісетін сырласымыз, қажет болғанда қол ұшын беретін көмекшіміз. Дос таңдау мәселесіне халқымыз ерекше жауапкершілікпен қараған. Дос бола білу, достық қарым-қатынас орната білу, достық байланыстарды қадірлеу, досты қорғау, қамқорлық көрсету, табыстарына қуану, құпиясын сақтай білу т.б. қатынастарды қадірлеп, оның құндылығын ерекше сезінген, бағалаған. Шынайы достық – сыйластыққа негізделеді. «Жақсы дос үшін жан пидә», «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа» дейді халық.

Кәне енді достық тақырыбындағы мақал-мәтелдерді аяқтайық:

1. Досы көпті _____ алмайды(жау).
 2. Дос _____ айтар(жылатып).
- Дұшпан күлдіріп айтар.
1. Досыңа _____ айтпа(өтірік).
- Дұшпаныңа сырынды айтпа.
2. Аз қайғыны ас басады,
- Көп қайғыны _____ басады (дос).

Мұғалім: - Қазақта көрші қақы деген ұғым бар, көршіге деген ерекше көзқарас бар. Оның мәні де адам баласын ардақтау, татулықты уағыздау, көршімен тату болу. Біз көршілеріміздің аты-жөнін біліп қана қоймай, оның қандай қызметте істейтінін, тұрмыс жағдайын, қандай көмекті қажетсінетінін және қандай көмек бере алатынын білуіміз керек. Көрші бала ретінде қарым-қатынас жасау ретін білу де өте маңызды. Сондай-ақ, сыныптағы парталас көршілеріңмен ерекше қарым-қатынас орната білудің де маңызы зор. Халқымыз көршілік хақында «Жақсы көрші туғаныңнан артық», «Үй алма, көрші ал» деген. Бұл мақал-мәтелдер бүгінгі күні де ерекше мәнді. Көрші адамдардың бір-біріне деген қамқорлығы, үнемі бір-бірінің жағдайынан хабардар болып отыруы, ұзақ уақыт көрші отырған адамдардың жақын туыстай болып кетуі осының дәлелі.

Сабақтың соңында «Көрші» ойыны ұйымдастырылады. Мұғалім оқушыларға үйден өз көршілері туралы шығарма және достық, көршілік қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер жазып келуді келуді тапсырады

Сабақ тақырыбы: Қазақтың ырым, тыйымдары – тәрбие құралы.

Мақсаты:

а) оқушыларды халықтың салт, дәстүрін сақтауға тәрбиелеу, адамгершілік сапаларды, асыл қасиеттерді бойына сіңіру;

ә) қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – ырымдары мен тиым сөздері ұлағатты ұғымдар арқылы оқушыларды жаман әдеттен, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандыру;

б) ойын нақты, дұрыс жеткізуге баулу, тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға үйрету.

Әдістер: Ойын әдісі, топтық жұмыс,

Көрнекіліктер: электронды оқу құралында тиым сөздерге салынған суреттер беріледі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне мән беріп, оның ырым, тиымдарын, салт, дәстүрін ерекше сақтаған – қазақ халқы. Ырым – жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалынатын әрекет. Ал, тиым рәсімдері жас ұрпақты аруақты сыйлауға, табиғатты қорғауға, әдепті болуға, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа баулиды. Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы біліп, оны іс жүзінде орындай білу - әрбір перзенттің борышы. Ол – мәдениеттің белгісі.

1. «Құнды сөз» ойыны.

Ойынның шарты: мұғалімнің тапсырмалары салынған алтын сандықты алып, оның ішіндегі тапсырмаларды орындау.

1. Парақтағы тапсырма түрлері: тиым сөздерді толықтыру.

- Дастарханды, _____ баспа(тамақты).

- Үйді айнала _____ (жүгірме).

- Тізеңді _____ (құшақтама).

- _____ ысқырма(үйде).

- Құстың _____ бұзба(ұясын).

- Жұрт көзінше _____, _____ (кекірме, керілме).

Ойынның қорытындысы бойынша осы тиым сөздердің құндылығы бар екенін дәлелдейді.

2. «Ұлағатты ұғымдар».

Алтын сандықтың түбінде жатқан сандарды (3,5,7) алу арқылы жұмыс тобын құрып, оқушылар орындарына отырады. Үш жұмыс тобы құрылады. Үш, бес, жеті сандарына байланысты тірек сөздер беріледі. Әр топ өздерінің санына байланысты ұлттық ұлағатты ұғымдар айтады.

Берілген тірек сөздер:

I топ.(3 саны)

Үш дана (Абай, Шоқан, Ыбырай);

Үш арыс (Сәкен, Бейімбет, Ілияс);

Үш жақын (Жан, мал, жар);

Үш арсыз (Ұйқы, күлкі, тамақ).

II топ.(5 саны)

Бес асыл, бес дұшпан (Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі);

Бес қатер (От, жау, борыш, ауру, сөз);

Бес жаратылыс (Күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн);

Бес қару (Садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта).

III топ. (7 саны)

Жеті қазына (Ер жігіт. Сұлу әйел. Ақыл, білім. Жүйрік ат. Қыран бүркіт. Берен мылтық. Жүйрік тазы);

Жеті жұт(Құрғақшылық, жұт(мал қырылу). Өрт. Оба. Соғыс. Топан су. Зілзала);

Жеті ата (Бала, әке, ата, арғы ата, Баба, Түп ата, Тек ата);

Жеті күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жекенбі).

Қазақ ырымдары:

- Оқушының желкесінен сүйсе, қырсық болады;
- Бөпе тоқтық тартса, тоқтық болады;
- Қазақ үйіне келген адамға дәм таттырып шығарады т.б.

Тиым сөздер:

- Жұлдызды, адамды санама;
- Тұзды, күлді шашпа;
- Бей уақытта жылама, ұйықтама;
- Саусағыңды кеземе т.б.

Мұғалім оқушыларға Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» кітабын тауып оқу, ырым-тиымдарды еске сақтау, әдет-ғұрып шараларын білуді тапсырады.

Осындай кешенді түрде ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі тану қабілеті қалыптаса бастайды, әлеуметтендіру, яғни әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, өзін қоғамға қатыстыруы іске асады.

Факультативтік курс сабақтарында электрондық оқу құралы кеңінен пайдаланылды. Оқу үдерісінде ақпараттық технологияны қолдану оқушылардың жаңа мәліметтерге қызығушылығын туғызды.

Бастауыш сынып оқушылары сөзбен берілген ақпараттан гөрі көрнекі үлгідегі хабарларға ерекше қызығушылық білдіреді. Сондықтан, электрондық оқу құралындағы оқу материалын қабылдау кезінде көрген объектілердің ерекше, айрықшаланған тұстары жадында қалады.

Оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеу іс-әрекет дағдыларын жетілдіру үшін іскерлік ойындар, тренингтер, педагогикалық жағдаяттар тәрбиелеу әдістері ретінде пайдаланылды.

«Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультативтік курс бағдарламасы бойынша жүргізілген сауалнама үлгілері:

1. Өткен тақырыптардың ішінде өзіңе ұнағаны қайсысы?
2. Отан-Ана дегенді қалай түсінесің?
3. Ата-анаңды не үшін жақсы көресің?
4. Досыңның қандай қасиеттерін бағалайсың?
5. Қалай ойлайсың, достарың сенің қандай қасиетіңді бағалайды?
6. Осы қасиеттердің қайсысының өзінде болғанын қалайсың?
7. Саған әкеңнің, анаңның қандай қасиеттері ұнайды?
8. Сіздің отбасында қандай дәстүрлер орындалады?
9. Өзің ырым-тыйымдардың қайсысын орындайсың?

10. Бос уақытында немен шұғылданғанды ұнатасың? (Патриотизм туралы сұрақ қосу керек).

Курстың кейбір сабақтарына ата-аналар да қатыстырылды. Бұндай бірлескен ынтымақтастық сабақтарының балаларға әсері мол болғанын байқадық. Ата-аналар да өз кезегінде ынталылық танытып отырды. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында ата-аналармен әңгіме және сұхбат нәтижесінде аталған факультатив курсын бастауыш сыныпта жүргізудің өзекті де маңызды екеніне көзіміз жетті. Мәселен, 7 сұрақтан тұратын сауалнамалық парақты 8 сыныптың 115 ата-анасына тараттық.

Ата-аналарға берілген сұрақтар:

1. Балаңыздың қандай азамат болып өскенін қалайсыз?
2. Үйде қандай салт, дәстүрлерді орындап отырсыз?
3. Балаңызға өзіңізді және өзіңіздің ата-аналарыңызды сыйлату үшін қандай әрекет жасайсыз?
4. Балаңыздың бойында қандай қасиеттерді қалыптастыруды көздейсіз?
5. Балаңыздың әділ пікірімен санасыз ба?
6. Балаңыздың достарымен, көршілерімен қарым-қатынасы қандай деп ойлайсыз?
7. Балаңыздың теріс қылықтарына қалай жауап бересіз?

Балаңыз қандай қазақ тіліны, теле хабарларды, компьютерлік ойындарды ұнатады? (Патриотизм туралы сұрақ қосу керек).

Осы сауалнама бойынша ата-аналардың 92 % факультатив сабақтары қажет екендігін, өйткені оқушының ұлттық тәрбиесіне әсері мол және бұндай тәрбие оқушының неғұрлым жас кезінде берілгені дұрыс деп есептейтіндігі туралы өз пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, отбасылық дәстүрлерге деген оң көзқарас білдірген ата-аналар 97 %- ды құрады. Факультатив сабақтарына белсенді қатысып жүрген ата-аналардың бірі осы сабақтар туралы өзінің жылы лебізін былайша білдіреді: «Мен «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультатив сабақтарына бірнеше рет қатыстым. Сабақтар оқушылардың өз ұлтының дәстүрлерін тереңірек біліп, оларды сақтап отыруына игі ықпал жасайды деп есептеймін. Оқушыларды өзіндік пікір айтуға, белсенді қатысуға қызықтыратын жұмыс түрлері көп екен».

Факультатив курсындағы оқушылардың танымдық ынтасының қаншалықты болғанын да сарапқа салдық (Кесте 9).

Кесте 9 - Бастауыш сынып оқушыларының факультатив курс сабақтарына қатысу ынтасы (%)

Сыныптар	Өте қызығады	Қызығады	Қызықпайды	Жауап беруге қиналады
3-сынып	72%	24,5%	3,5%	-
4-сынып	77%	18%	2%	3%

Оқушылардың жалпы қатысу ынталары жоғары. Сыныптары жоғарылаған сайын олардың патриоттық тәрбие туралы білімге деген ынтасы артып, саналы түрде меңгеретінін байқадық.

Жүргізілген жұмыстардың оқушының жан-дүниесіне қаншалықты әсер етуін және патриоттық тәрбие негізінде мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды тұтас жүйе ретінде қарастырдық:

- оқушыға ықпал ету әдістеріне көбірек көңіл аудару(сендіру, санасына сіңіру, өнеге көрсету т.б.);

- заттар мен құбылыстарға сыни тұрғыдан қарап, бағалау іскерліктерін қалыптастыратын әдістерді жүйелі пайдалану(талқылау, кеңес беру, пікірсайыс т.б.);

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді ажырата білудегі білімі мен білігі.

Патриоттыққа тәрбиелеуді оқушылардың балабақша қабырғасынан қалыптасып келген еліктегіштік, әсершілдік, белсенді іс-әрекетке құштарлық сияқты қасиеттерін патриоттыққа тәрбиелеуде есепке ала отырып, жасы есейген сайын ол қасиеттерді дамыта түсуге, ал бұрын қалыптасып қалған ұнамсыз әдеттерді жоюға бағытталған жұмыс түрлері оқу үдерісі барысында жүзеге асырылды. Қай уақытта да білім берудің міндеті оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру ғана емес, оның тұлғалық жетілуі тұрғысынан да қарастырылады. Бұл ретте біз ұсынып отырған патриоттыққа тәрбиелеуді бастауыш сыныптардың оқу әрекетінде жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибе барысында анықталып отыр. Өзің мен өз халқың арасында өзара рухани байланыс орнату, ұлттық мәдениетке тән болу сезімінен әсерлену, оның құндылықтарын өзінің санасында қабылдау, өзіндік пікір қалыптастыру - оқушының патриоттық тәрбиесін оқу процесінде жүзеге асыра отырып, қол жеткен нәтижелер демекпіз. Осы орайда, біз патриоттыққа тәрбиелеуді кешенді түрде іске асыруды қалыптастырушы педагогикалық тәжірибе кезеңінде тәрбие үдерісінде жалғастырамыз.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің тәжірибелік әдістемесі келесі тараушада көрініс таппақ.

2.2 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің тәжірибелік әдістемесі

Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс, яғни әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге баса назар аудару қажет. Болашақ ұрпақтың ұлттық тәрбиесінің негіздері отбасы мен балабақшадан басталып, бастауыш сыныпта жүйелі жалғасын табады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде болып жатқан дүниелерге қызығушылығын ояту, патриоттық тәрбие туралы

білімдерін жетілдіру, соның негізінде жан-дүниесіне адами қасиеттерді сіңіре отырып, өзіндік сана-сезімін, қажеттіліктері мен ұмтылыстарын реттеуді үйретудің тиімді жолдарын қарастыру біздің педагогикалық-тәжірибе жұмысымыздың келесі бөлігінің мақсаты болмақ.

Кезінде белгілі қоғам қайраткері, педагог М. Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт – оқушының тәрбиесін дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» - деген болатын [37, б. 16].

Ал профессор Р.К.Төлеубекованың мына бір пікірлері осы тұжырымды жетілдіре түседі: «Тәрбиенің негізгі мақсаты – ұлттық сана-сезімі мол, рухани деңгейі биік, іскер, еңбекқор, иманды, әдепті адамды тәрбиелеу» [100, б. 101].

Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмыстарының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айқындауда соңғы жылдары жасалып, қолданысқа енгізілген тәрбие бағдарламаларының маңызы ерекше. Атап айтатын болсақ, ғалым М. Құрсабаевтың басшылығымен құрастырылған «Атамекен» бағдарламасы 11 бағыттан құрала отырып, әрқайсысы оқушылардың ақыл-ойын, еріктік-сезімдік, ұлттық адами қасиеттерін қалыптастыра отырып, халықтық тәрбие түрлерінің жас ұрпақтың бойына сіңірілуін көздейді. («Салт-дәстүр», «Шежіре», «Сөнбес жұлдыздар», «Асыл мұра», «Шаһар», «Достық», «Дін тарихы», «Әдебиеттік оқу» т.б.). Ұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне сүйеніп құрылған, «Атамекен» бағдарламасында еңбек, дене, ақыл-ой, адамгершілік, азаматтық-патриоттық, эстетикалық, экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие түрлері түгелдей қамтылған. Бұл бағдарлама патриоттыққа тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыру үшін баға жетпес ғылыми әдістемелік әдебиет болып табылады[169].

Сондай-ақ, 1993жылы жарық көрген З. Ахметованың «Кәусар бұлақ» бағдарламасы да қазақ халқының көне тарихын, ұлттық мәдениетін қадір тұтатын ұрпақ тәрбиелеу мәселесін қарастырады. Оқушылардың рухани мәдениетінің аса маңызды ажырамас бөлігі – қазақ тілінің мәдениетті қалыптастыруды ұлттық негіздерге сүйене отырып жүзеге асыруды көздеген «Елім-ай» бағдарламасының да бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмыстарына бағыт-бағдар беруде рөлі зор[170].

Бүгінгі бастауыш сынып мұғаліміне тәрбие жұмысы бойынша қойылатын басты талап – ол тәрбие үдерісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, өмірде кездесетін түрлі жағдайларды жеңуге көмектесетін қажетті күш-жігерді, анықталған құндылықтық бағдарларын қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеу жұмысы мұғалімнің осы бағыттағы атқаратын тәрбие жұмыстарына тәуелді. Оқушылардың патриоттық тәрбие туралы білімін молайтып, белгілі бір құндылық бағалау, қатынас қалыптастыру үшін мұғалімнің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеті, тұлғалық бағыттылығы, рефлексиялық қабілеттілігі мен осы жұмысқа дайындығы ерекше рөл атқарады[125, б. 7].

Осы жайды анықтау үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 16 бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Мұндағы

«патриоттық тәрбие дегенді қалай түсінесіз?» деген сауалға нақты анықтама беруге көптеген мұғалімдер қиналды. Өйткені, мұғалімдердің 8-і салт, дәстүрді ғана патриоттық тәрбие деп түсінетіндігі, 5-ы отбасы шеңберінде қарастыратындығы айқындалды, қалғандары түсініктерін нақтылай алмады.

Жалпы мұғалімдерге берген сұрақтар төмендегідей болды:

1. Патриоттық тәрбие дегенді қалай түсінесіз?
2. Патриоттыққа тәрбиелеу жұмысы бастауыш сыныпта қажет пе?
3. Патриоттық тәрбие объектілерге не жатады?

4. Патриоттыққа тәрбиелеуді тәрбие шараларында қалай жүзеге асыруға болады деп ойлайсыз?

5. Патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын, арнайы бағыттайтын мәтіндер, аңыз әңгімелер бастауыш сыныптың оқулықтарында жеткілікті деп ойлайсыз ба?

6. Патриоттыққа тәрбиелеу үшін қандай жұмыстар қажет деп есептейсіз?

Сауалнама барысында бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға патриоттық тәрбие туралы мәліметтер беріп отыратындықтарын айтты. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 30 %-ы патриоттық тәрбие қажет деп, ал 40%-ы мүмкін керек шығар деген жауаптарды берді. Мұғалімдердің патриоттық тәрбие беретін, патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын мәтіндерді, аңыз әңгімелерді аз пайдаланатынын, арнайы бағыттап отыру жеткіліксіз екендігін тәрбие шараларына қатысу барысында анықтадық.

Сонымен бірге тәрбие сағаттарында субъекті-субъектілік қарым қатынас талаптары орындалмайтыны да аңғарылды. Өйткені, оқушылардың өзіндік ізденістері мен дербес шешім қабылдауына мүмкіндік беретін жұмыс түрлері аз қамтылған. Талдықорған қаласы №16 орта мектеп гимназиясы КММ және Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектебі КММ бастауыш сыныптарындағы тәрбие жоспарларына талдау жүргізіліп, мұғалімдердің тәрбие жоспарларында ұлттық, жалпыадамзаттық патриоттық тәрбиенің тәлім-тәрбиелік маңызын ашу бағытындағы жұмыстарының жеткіліксіз екені анықталды. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді тәрбие үдерісі барысында жүзеге асырудың жағдайын анықтауға арналған педагогикалық-тәжірибе жұмысына 6 бастауыш сынып мұғалімі, 235 оқушылары қатысты. Бастауыш сыныптардың тәрбие жұмыстарын бақылау арқылы кешенділік сақталмайтынын анықтадық.

Ал, ата-аналармен өткізілген тест, сұхбат нәтижелері отбасында халқымыздың салт, дәстүрлері, әдет, ғұрыптары, рәсімдері сақталатынын көрсетеді. Мәселен, ата-аналардың 60-65%-ы отбасылық дәстүрді сақтайтынын әңгімеледі. Атап айтқанда, оқушының тұсауын кесу, сүндетке отырғызу, тілашар, тоқым қағар т.с.с. шараларды ұйымдастыратындығы белгілі болды. Педагогикалық тәжірибенің алғашқы кезеңінде анықталған жағдайларға байланысты бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа

тәрбиелеу мақсатындағы зерттеудің келесі кезеңінде тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері қарастырылады.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңдегі басты міндеттері:

- бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелік деңгейіне сай, патриоттық тәрбиені танып білуге ықыласы мен қызығушылықтарын туғызатындай тәрбие шараларын қарастыру;

- оқушылардың патриоттық тәрбие жүйесіндегі жинақтаған білімдерін өмірде қолдана білуі үшін тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ұтымды формаларын, әдістерін таңдап алу;

- патриоттық тәрбиені қазіргі өзгерген, жаңарған заман жағдайына негіздей отырып, ол құндылықтар арқылы қоғамда әлеуметтік бағдарлануға әсер етудің тиімді жолдарын іздестіру;

- тәлім-тәрбиелік іс-шараларда бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланға көңіл бөлу.

Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін бастауыш сыныптағы тәрбие шараларының әр түрлі формаларын пайдаланамыз. Олар – пікірсайыстар, байқаулар, кездесулер, көрмелер ұйымдастыру, шағын мұражайлар ұйымдастыру, конференция, т.б. Сыныптан тыс тәрбие шараларының осындай алуан түрлерінің әр қайсысын өзіндік ерекшеліктеріне қарай дұрыс ұйымдастырып, қазіргі заман талаптарына сай өткізе білу мұғалімнен шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Біз таңдаған тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушылардың Отан, туған жер, отбасы, әдебиеттік оқу, ел тарихы, рәміздері туралы түсініктерін кеңейте түсу арқылы белгілі бір құндылық қатынас қалыптастыру. Соның нәтижесінде патриоттық тәрбиені тани білетін, оларға ұмтылатын, оларды таңдайтын өзіндік сана-сезімі жетілген тұлғаны тәрбиелеу. Олай болса, бастауыш сыныпта жүргізілетін тәрбие сағаттарының негізгі бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады:

- Отан, туған жер, отбасы, әдебиеттік оқу, ел тарихы, рәміздері туралы қызықты мәліметтермен ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстыру арқылы бұл ұғымдардың мәнін ашу, білімін тереңдету;

- осы ұғымдардың құндылығын түсініп, бағалауға үйрету, сыни ойлауын жетілдіру;

- патриоттық тәрбиені тануға, таңдауға мүмкіндік туғызу;

- патриоттық тәрбие негізінде оқушылардың белсенділігін арттыру, тұлғалық жетілуін қамтамасыз ету.

Отан, туған жер, әдебиеттік оқу, ел рәміздері туралы түсінікті 3-сыныптан бастап таныстыруға бағытталған жұмыстардың кешенді жүйесі құрыла отырып, оқушылардың бұл түсініктерді біртіндеп тереңдету мүмкіндіктері ескеріледі.

Психологтардың тұжырымдары бойынша, бастауыш сынып оқушылары сыртқы әсерді тез қабылдағыш, айтылған нәрсенің шынайылығына иланғыш, адамгершілік нормалардың қажеттігіне сенгіш. Сондықтан оқушыларға берілетін мәліметтер өмірмен байланысты,

күнделікті тұрмыста басшылыққа алу мүмкіндігі бар дүниелер болғаны жөн. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу қатынасы ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарасы, туыстық парызды ұғынуы, ұлттық намыс, достық, жолдастық, ар, ұят сезімдері арқылы және әдебиеттік оқу қастерлеуі арқылы көрініс тауып отырады. Сондықтан әдебиеттік оқу деген саналы көзқарас қалыптастыруға көмектесетін тәрбиелік шараларды түрлі формаларда бала тәжірибесі мен мүмкіндігін ескере отырып жүргіземіз.

Сыныптан тыс өткізілетін шаралардың мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде болып жатқан дүниелерге қызығушылығын оятып, патриоттық тәрбие туралы білімдерін жетілдіру, патриоттыққа тәрбиелеу бағыттау. Сонымен қатар, рухани жетілуіне мүмкіндік беріп, ұлтымыз қастерлейтін адами қасиеттерді санасына сіңіру арқылы әр оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Осы мақсатта бастауыш сынып оқушыларына *отбасы* құндылықтарын меңгертуді жүйелі түрде, кешенді жүргізуді қамтамасыз ететін бағдарлама жасақталды. Неғұрлым кең ауқымдағы жұмыстар жүзеге асырылса, соғұрлым тұлғаның патриоттық тәрбие әлемі баи түседі. Бұл өз кезегінде оқушылардың патриоттық тәрбиесін анықтайды. Этнопедагогикалық, психологиялық құралдардың көмегімен ойын, өнер арқылы патриоттыққа тәрбиелеуді көздейтін тәрбие жұмысының арнайы бағдарламасын ұсынамыз.

Мақсаты:

- бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеу;
- адамгершілік қасиеттерін шындау (үлкендерге деген құрмет, риясыздық және т.б.);
- оқушыларға этноәлеуметтік рөлдерге қатысты ережелер мен нормаларды таныту (Кесте 10).

Бағдарламада патриоттық тәрбие жұмысына ата-аналарды қатыстыру мүмкіндіктері қарастырылды. Патриоттыққа тәрбиелеуде әр сыныпта оқушылардың зеректігіне, құлықтылығына байланысты өз отбасының шежіресін танып-түсінуге, содан соң өз руының, туып өскен жерінің шежіресін танып түсінуге баулудың маңызы ерекше. Соның алғашқы бастаулары болатын жұмыс формаларын бағдарламада қамтуды көздедік. Қазақ халқының отбасы тағылымы жөніндегі түсінік-танымы Қорқыт ата кітабындағы: «Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе» деген тұжырымдардан бастап, үлкеннің кішіге үлгісі «Аға әдепті болса, іні әдепті. Апа әдепті болса, сіңлі әдепті», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақалдарда, ата-ананың қадір-қасиетін танытатын «Атадан - ақыл, ағадан - нақыл», «Ата-ананың қадірін білмеген - халық қадірін біле алмас» мақалдарында тұжырымдалған.

Жалпы бастауыш сынып оқушысына отбасы өміріне байланысты мынадай талаптар қойылады:

- тіл алғыш ұл немесе тіл алғыш қыз болу (апа, аға, немере);

- үлкенді сыйлау;
- отбасының кішкентай мүшелеріне қамқорлық көрсету;
- отбасы тіршілігіне байланысты өз міндетін орындау;
- отбасы мүшелерінің арасындағы иерархиялық қарым-қатынасты меңгеру, соған икемделу.

Осы талаптарды меңгеру барысында оқушыға отбасының үлкендерінің құндылық бейнелері ерекше әсер етеді.

Кесте 10 - «Отбасы құндылықтары» атты тәрбие жұмысы бағдарламасының жоспары

Р/с	Тақырыптары	Жұмыс формалары	Әдіс-тәсілдері
1	2	3	4
3-сынып 1. Менің отбасым-менің әлемім. 2. Біздің әулет. 3. Кімге ұқсағым келеді. 4. Аталар мен әжелер күні. 5. Әжелер мен аталардың алтын қолы. 6. Мен өз туыстарыма кім боламын? Мейірімді қарым-қатынастар.	Ауызша журнал. Фото суреттер көрмесі. Шығармалар конкурсы. Кездесу кеші. Көрме. Тренинг. Этикалық әңгіме сағаты.	Сөздік, көрнекілік, Әңгіме-сұхбат. Көрнекілік. Ойын, жаттығу. Сұрақ-жауап.	
4-сынып 1. Отбасылық дәстүр 2. Менің отбасымның тарихы 3. Бақытты отбасы 4. Біздің әжелеріміздің жастық шағы 5. Біздің отбасылық жәдігер 6. Аталар мен әжелер шеберханасы 7. Жақсы ұл болу деген не? Жақсы қыз болу деген не?	Ауызша журнал. Фотосуреттер көрмесі. Шығармалар конкурсы. Кездесу. Дәріптеу кештері. Шағын мұражай. Үйірме. Ашық әңгіме.	Көрнекілік Бағалау. Мадақтау. Әңгімелесу. Сұхбат. Пікірталас.	
3-сынып 1. Менің ата тегім. 2. Асыл қазына. 3. Атам айтқан ертегі. 4. Қайырым жасауға асық. 5. Әкем және мен, 6. Анам және мен. 7. Әке көрген оқ жонар.	Ауызша журнал. Салт-дәстүрлер фестивалі. Драмалық ойындар. Пікірталас. Сайыстар. Әкелер конференциясы. Аналар конференциясы.	Сөздік. Көрнекілік. Бағалау. Мадақтау. Әңгіме-сұхбат. Ойын, жаттығу. Сұрақ-жауап.	

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
1.	4-сынып		
2.	Ата-ананың мейірімділігі деген не?	Ашық әңгіме. Салт, дәстүрлер фестивалі.	Этикалық әңгіме. Ойын.
3.	Біздің жанұяның мерекелік дәстүрлері.	Пікір талас.	Жаттығу.
4.	Жанұядағы әдепті қарым-қатынас.	Этикалық әңгіме сағаты.	Тренинг.

Қазақ отбасындағы ерекше сыйлы, қадірлі және өте ықпалды бейне – ата. Бүкіл отбасының тірегі, әкеге әке болып келетін ұлы тұлға, өмірден түйгені мол ата қашан да ақылшы. Ер жетіп, азамат болған барлық балаларының өзі үшін де шынайы бедел иесі, ұрпақтар сабақтастығын жүзеге асырушы адам. Атаның идеал бейнесі бастауыш сынып оқушыларында құндылық ұғым туғызудың негізгі бастауы болмақшы. Оқушының ұғым түсінігіне сай ата бейнесінің құндылығын мынадай деңгейде беруге болады:

- отбасының ұйтқысы, ақылшысы, көмекшісі ретіндегі үлес-салмағы;

- ауыл-аймақтың сыйлы адамы ретіндегі беделі.

Сондай-ақ, ата мен әже бейнелерінің тәлім-тәрбиелік әсері де патриоттыққа тәрбиелеу қайнар көзі болады. Өйткені, ата мен әженің өмір тәжірибесі өз дәрежесінде даналық ақыл-ойдың, өзіндік дүниетанымның, талғамның, орынды тәртіп пен мінез-құлықтың үлгісі болып табылады.

Жоғарыда берілген ата-әже бейнелеріне құндылық қатынас оқушылардың іс-әрекеттерінен көрініс табады:

- үлкен кісіге, ақ сақалды қарияға, ата мен әжеге иіліп сәлем етіп, есік ашып жол беру;

- кәрі ата мен әжеге қамқорлық пен қайырымдылық көрсету;

- ата ақылы мен әже кеңесіне көңіл қою, оларды өз іс-әрекетінде есепке алу;

- ата мен әжені жалғызсыратпау, олармен үнемі әңгімелесіп отыру;

- атасы мен әжесін мақтан тұту;

- ата мен әженің көмекшісі бола білу.

Бұл талаптардың негізінде оқушыларда өз отбасын мақтан тұту, отбасының үлкендеріне деген құрмет пен қамқорлық, әсіресе, кәрі әже мен атаға деген қамқорлық пен қайырымдылық тәрбиелеу мақсаттары көзделеді. Өз отбасына деген мақтаныш сезімі оның ата тегін білуімен байланысты. Отбасында өсіп келе жатқан әрбір оқушыға жеті атасын, руын, шыққан тегін білгізу - әрбір ата-ананың парызы. Бағдарламада ұсынылған кейбір тәрбие шараларына тоқталсақ.

Кездесу кеші: «Аталар мен әжелер күні».

Мақсаты: Отбасындағы қарияның рөлін түсіндіру, кәрі адамдарды сыйлауға, ізет көрсетуге баулу.

Ата-әжеге ілтипат көрсету әр оқушының борышы екенін ұғындыру.

Көрнекілігі:

1. Үнтаспадан «Сөнбейді әже шырағың» әнін тыңдау.
2. Онлайн форматта мақал-мәтелдер мәтінін оқып, түсінгенін айту.
3. «Қариялар-қазынам» тақырыбында виртуалды кездесу ұйымдастыру.

Өткізу формасы: Диалог әдісі.

1-жүргізуші:

Қартты сыйлау ісі ғой көргендінің,
Ата-ананың тәрбие бергендігін.
Дәлелдейсің ісіңмен парасаттың,
Көрсетіп пасықтықты жеңгендігін.

2-жүргізуші:

Құрметті кешке шақырыған қонақтар, ардагер ата-әжелеріміз!

Бүгінгі кездесу кешіне қош келдіңіздер(қонаққа келген ата-әжелермен таныстырады).

Балаларыңыз сіздерге арналған өлеңдерін оқиды.

1-оқушы:

Қарсы тұрған қасқайып дауылдарға,
Қариялар кәрі емен дауың бар ма?
Күйбең сәттер бір мезгіл қажытқанда
Ақыл беріп отырар қауымдарға.

2-оқушы:

Асыл әже, тілден балды тамыздың,
Тыңдаушының көзінен жас ағыздың.
Би-шешендер өмірлерін айтатын,
Жанды томы шежіре мен аңыздың. [162-164].

«Қарттарым аман-сау жүрсін» әні орындалады.

«Өткен күн шежіресі».

1-жүргізуші:

Бүгінгі кешіміздің құрметті қонағы Асылбек ата – соғыс зардабын басынан кешірген майдангер. Атамыздан салт-дәстүр, бейбіт күн жайлы әңгіме тыңдайық. Олай болса, Асылбек атаға сөз береміз.

«Отбасының берекесі – қариялар».

3-оқушы:

Әжелер біздің сәнді боп аппақ жаулығың,
Тілейсіз әр кез ұрпақтың ден саулығын.
Келіндерді тәрбиелеп отырсыз,
Өзгелерге үлгі-өнеге-ау мұның.

2-жүргізуші:

Отбасының ұйтқысы-аталар мен әжелерімізді тыңдайық. Қонақтарымыз – Әлімғазы ата мен Несібелі әжеге сөз кезегін береміз «Жанұя жарастығындағы қарияның орны» тақырыбындағы ата мен әже әңгімелерін тыңдап қорыту. [169, 170]. «Ақ әже» әні орындалады.

«Қариялар қазынам»

1-жүргізуші:

Шіркін-ай, жарасымды-ау ізет деген
Сызылған біз өтпенен, сіз өтпенен.
Келешекке бір қадам баса алмайды
Өз жұртының дәстүрін күзетпеген.

«Қария мен бала»- сахналық қойылым.

Кешті қорытындылау.

Ересек адам оқушының қарым-қатынасы мен тәртібіне бағдарлау негізін салады. Бастауыш сынып оқушысында өзгелерге деген қатынас «жақын – бөтен» жолымен қалыптасады. Сондықтан оқушының өзінің тума – туыс, жақын адамдарымен құндылық қарым-қатынас нормаларын меңгеруінің маңызы зор. Бастауыш сынып оқушысының бұл түсініктерін «үш жұрт», «жеті ата» ұғымдарына қатысты патриоттық тәрбиенің мазмұны арқылы қалыптастыруда олардың таным мүмкіндіктері, әлеуметтік тәжірибесі есепке алынады [189-192].

Осы мақсатта тәжірибе барысында оқушылармен сыныпта «Біздің әулет» тақырыбында фотосуреттер көрмесі жасақталып, «Біздің отбасылық жәдігер» деген айдармен виртуалды түрде отбасылық мұражай ұйымдастырылды. Оқушылар бұл жұмыстарға белсенді түрде араласып, мұғалімнің тапсырмасы бойынша әжелерімен, аталарымен әңгімелесіп өз отбасының шежіресі туралы мәліметтер жинақталып, бірлескен топтық жұмыстар барысында отбасы құндылықтарын түсінді.

Ата-анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу мақсатында Талдықорған қаласы №16 орта мектеп-гимназиясы, Алматы облысы, Алақөл ауданы Токжайлау орта мектептерінде бастауыш сынып ата-аналарымен әкелер конференциясын, аналар конференциясын өткізу дәстүрге айналған.

Бастауыш сынып оқушысының тұлғасына басқа бір жеке тұлғаның идеал бейнесі ерекше әсер етеді. Адамгершілік идеал ең жоғарғы рухани құндылық рөлін атқарады. Өз бетімен қандай мінез-құлықты таңдайтыны көп жағдайда оқушының патриоттық тәрбиеларының деңгейіне байланысты. Бұл жастағы балаларға «үш жұрт» ұғымын меңгертуде ата жұртымен қатар нағашы жұртына жататын туысқандық қатынастарға көңіл аудару қажет. Қазақ арасындағы туысқандық қарым-қатынас тек ерлер тарапынан ғана болып қоймайтындығын, қыздар ұрпағы, жиендер мен нағашы арасындағы қарым-қатынастың да ерекше құнды екендігін және бөлелер арасында олардың аналарының туыстық жақындығына байланысты аса бір сыйласымды, жылы қарым-қатынастың қалыптасатындығын бастауыш мектеп жасындағы оқушыға ұғындырудың маңызы зор [116, б. 115]. Ерте жастан бастап осылайша туыстық қатынастың құндылығын сезіну, оның мәнін түсініп, соған сәйкес өз әрекеттерін реттеп отыру қоршаған ортамен қарым-қатынасының жағымды болуына жол ашады.

Отбасылық дәстүрлер негізінде патриоттыққа тәрбиелеу бағыттау нәтижесінде төмендегідей дағдыларды қалыптастыру көзделеді:

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу жөніндегі білімдерін кеңейте түсу, өз іс-әрекеттерін сол түсініктерге сәйкес реттеуге ұмтылдыру;
- ұлтымыздың қастерлейтін салт, дәстүрлерін оқушылардың санасына сіңіріп, өмір тәжірибесінде дағдыландыру;
- әр оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Осыған байланысты оқушылардың ұлттық салт, дәстүрлерді құндылық ретінде бағалап, оларды өз өмірлерінің басты бағыты деп тануларына ата-аналардың көмегін пайдалану мүмкіндігі бар. Себебі туысқандық қарым-қатынастағы бір-біріне өзара көмек көрсету дәстүрлері отбасында орындалып, балаларға үлгі етіледі. Көптеген отбасылық дәстүрлер оқушылардың қайырымдылық, өзара көмек көрсетудегі бағдарларын реттеуге әсер етеді. Ата-ана туысқандармен жағымды қарым-қатынастың мәнін түсіндіріп, көмек қажет ететін адамдарға қол ұшын беру керек екенін ұғындырып отырады. [116, б. 116].

Бастауыш сыныптағы тәрбие жұмыстарының оқушының жан-дүниесіне қаншалықты әсер етуін және патриоттық тәрбие түсініктер негізінде патриоттыққа тәрбиелеуін бірыңғай жүйе ретінде белгіледік:

- оқушыға эмоциялық ықпал жасау(сендіру, өнеге көрсету, түсіндіру, санасына сіңіру) (мотивациялық).

- оқушылардың патриоттық тәрбиені ажырата білудегі білімі мен білігін жетілдіру (танымдық).


- патриоттыққа тәрбиелеуде тәрбие жұмыстарының әр түрлі әдістерін пайдалану(әңгіме, кеңес беру, талқылау) (әрекеттік).

Педагогикалық тәжірибе барысында бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар арқылы(пікірсайыс, этикалық жағдаяттар, мұражайға саяхат т.б.) олардың патриоттық тәрбие таным-түсініктерінің артқандығын, патриоттық тәрбиені бағалау, таңдау біліктіліктерінің деңгейі жоғарылағанын байқатты. Қалыптастыру жұмысының нәтижесін төмендегі кесте мен диаграммадан көруге болады.

Кесте - 11 Бастауыш мектепте гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушылардың патриоттық тәрбиесінің деңгейін тексеру нәтижелері

№	Деңгей	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
1	Жоғары	32% (38оқушы)	19% (22оқушы)
2	Орта	49 % (58оқушы)	47% (55оқушы)
3	Төмен	19 % (22оқушы)	34% (40оқушы)
4	Барлығы	118 оқушы	117 оқушы

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу деңгейін тексеру нәтижелері келесі суретте беріледі.



Сурет – 7 Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу деңгейін тексеру нәтижелері

Оқушылардың патриоттық тәрбиесін, құндылық қатынастарын, ұмтылыстары мен қажеттіліктерін айқындайтын тестілер мен әдістемелерді қайталап өткізу барысында олардың патриоттық тәрбиесін анықтау жүзеге асырылды. Эксперимент тобында патриоттыққа тәрбиелеу деңгейінің жоғарылағаны байқалды. Демек, бұл тәрбие үдерісінде жүргізілген іс-шаралардың әсері болғандығын көрсетеді. Өйткенмен, оқушылардың әлі де болса патриоттыққа тәрбиелеудің мәні мен маңызын түсінуі және соның нәтижесінде өз мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін реттеп отыруы жетіспейтіндігі олардың дербес тапсырмаларды орындауы, этикалық жағдаяттарды шешуі барысында байқалды. Өйткені олар көп жағдайда мұғалімнің көмегі мен ақыл-кеңесіне сүйеніп отырды.

Сонымен педагогикалық тәжірибенің екінші кезеңінде атқарылған жұмыстар бойынша эксперименттік топтарда патриоттыққа тәрбиелеудің төмен деңгейі – 18,8%, орташа – 49,2%, жоғары - 32% дәрежесінде болуы олардың патриоттық тәрбие жөніндегі білімдерін жетілдіру қажеттігін байқатты. Мұндай деңгейдің анықталуы қалыптастыру жұмысының үшінші кезеңінде оқушылардың тәрбие жұмысының мазмұны мен түрінің жетілдірілуін қажет етеді. Тәрбие үдерісінде бастауыш сынып мұғалімінің оқушылармен және ата-аналармен бірлескен жұмыстарын тереңдете түсу мақсатында патриоттыққа тәрбиелеуге әсер ететін шаралардың тақырыптары мен формалары (дәріптеу кештері, кездесулер, сайыстар, драмалық қойылымдар, апталықтар, пед.лекторийлер, т.б.) белгіленіп, жүйелі жоспарлы түрде іске асырылды. Бастауыш сынып оқушыларының халқымыздың дәстүрлеріне деген құндылық қатынасын қалыптастыруға ата-аналардың ықпалы зор екенін ескере отырып, олардың ықпалын жүйелі арнаға салу көзделді. Осы мақсатпен отбасында ұлттық салт, дәстүрлерді пайдалануға ұмтылдыру, ынталандырып отыру, ата-аналардың осы бағыттағы істерін үлгі ету басты назарда болды. Балаларға отбасында меңгертілетін ұлттық салт, дәстүрлер:

- туысқандық қарым-қатынас дәстүрлері: «жеті ата», «үш жұрт» ұғымдарына байланысты қарым-қатынас нормалары;
- достық, көршілік қарым-қатынас дәстүрлері;

- халқымыздың жас кезеңдеріне байланысты ырым-жоралғылары, рәсімдері;

- тәрбиедегі ұлттық дәстүр: тыйым сөздер мен ым-ишара;

- қонақжайлық дәстүрі - қонақ күту рәсімдері, қонаққа бару рәсімдері жөнінде толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ата-аналарға арналған педагогикалық лекторий ұйымдастыру қолға алынды. Педагогикалық тәжірибе барысында ата-аналарға арналған «Халқымыздың отбасылық дәстүрлері» тақырыбындағы лекторийлер жоспары құрылды. Ата-аналарға арналған лекторий жұмысы айына 1рет өткізіліп, төмендегідей тақырыптарды қамтыды:

№1. Отбасылық дәстүрлер, оларды өткізу ережелері.

№2. Отбасында бесікке салу тойын өткізу, ондағы орындалатын рәсімдер.

№3. Тұсаукесер рәсімінің тәрбиелік мәні.

№4. Тілашар тойын өткізу.

№5. Отбасында қонақжайлық дәстүрдің сақталуы.

№6. Отбасылық мерекелерді қалай өткіземіз.

№7. Салт, дәстүрлер фестивалін ұйымдастыру.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Дәстүр өз ішінде қоғамды басқару жүйесін, әлеуметтік қатынас пішімдерін, шаруашылық жүргізу тәсілін, әлеуметтік мұра нысандарын (материалдық және рухани патриоттық тәрбиені), оларды ұрпақтан ұрпаққа қалдыру үрдістері мен тәсілдерін қамтиды. Белгілі бір қоғамдық тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар, салт, жоралғылар т.б. дәстүр ретінде қаралады. Қазақ халқы дәстүрге бай халық. Ұлтымыздың тамаша дәстүрлеріне үлкенді сыйлау, қонақжайлылық, бауырмалдық, балажандық, төзімділік, арлылық т.б. жатады» - деп тұжырымдалады [84, б. 29].

Профессор К.Ж. Қожахметова дәстүр ұғымына мынадай анықтама береді: «Дәстүр – тұлғаның маңызды рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыруға бағытталған күрделі қоғамдық қатынастардың жүйесі. Олар: өз халқына, отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, оны қорғауға дайын болу, досқа адалдық, жауапкершілік, аманатты сақтау, ата-баба рухын қадірлеу, «қара шаңырақты», үлкендерді сыйлау. Дәстүр салттармен, рәсімдермен көрініс тауып отырады» [52, б. 173].

Ұлттық дәстүрлерді, мінез-құлық ережелерін эмоционалды-семантикалық талдау арқылы оқушылар бұл дәстүрлерді саналы түрде қабылдайды. Профессор Қ.Ж. Қожахметова дәстүр ұғымына келесі анықтама береді: «Дәстүр - адамның маңызды рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесі.

Олар: өз халқына, Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, оны қорғауға дайын болу, досқа деген адалдық,

жауапкершілік, сенімділік, ата-баба рухына құрмет, «қара шаңыраққа», үлкендерге құрмет. Дәстүр әдет-ғұрыптан көрінеді» [27, б. 73].

Ұлттық дәстүрлерді, мінез-құлық ережелерін эмоционалды-семантикалық талдау арқылы оқушылар бұл дәстүрлерді саналы түрде қабылдайды. Қазақтардың отбасылық дәстүрлері, түрлі рәсімдердің тәртібі әр отбасында сақталып, атадан оқушыға мирас болып отырды. Балалар отбасында өсіп, қазақ халқының дәстүрлерін көреді, барлығы дерлік оқушылардың қатысуымен жасалады. Оларды көріп отырып, балалар өлеңнің сөздері мен әрекеттерін жаттап алады. Таңқаларлық жағдай емес, адамдар «бала кезінен» үлкендердің әрекеттерін көріп өседі. Әр түрлі кездесулерде олар ересектердің мінез-құлқына еліктеп, оларды әңгімелесуде өздеріне ұқсауға шақырды. «Жамандықты жек көріп, жақсылыққа жақында». Ересек адам тек оқушының мінез-құлқы мен қарым-қатынасын бақылаушы ғана емес, сонымен қатар «жақсы» және «жаман», «әділеттілік» және «әділетсіздік» сияқты ұғымдарды басқара алатын ішкі мотиватор. Демек, оқушының патриоттық мінез-құлқына үлкендердің іс-әрекеттері, мысалы, рәсімдер, әдет-ғұрыптар, ұлттық рәсімдердегі символдық әрекеттер әсер етеді. Нәтижесінде ата-аналар балалар үшін іс-әрекеттің құндылығын көруге басты үлгі болып табылады және олардың сыртқы әсерлері мен ішкі әрекеттерінің бірлігін түсіну үшін құндылықтарды таңдайды.

Отбасылық дәстүр - бұл отбасы мүшелерінің тарихи және қайталанатын әлеуметтік ауқымдағы қарым-қатынасы. Отбасылық дәстүр - ұлттық тәрбиенің негізі. Әлеуметтік-мәдени және патриоттық тәрбиелеу әдістері

Нәтижесінде патриоттық тәрбие қалыптасады. Адамдарға еліктейтін үлгілі құндылықтар, үлкенді сыйлау, ата-бабаға құрмет, қарттарға қамқорлық, баланың дамуының әр түрлі кезеңдеріне (шілде, ат қою, бесікке бөлеу, шаш қию, орындау және т.б.) байланысты отбасылық дәстүрлер. Отбасында патриоттық тәрбиенің қалыптасуына көбінесе оқушының қандай іс-әрекетін ата-ана қолдап, қайсысы сынға түседі. Сондықтан кіші мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің бірден-бір белгісі - олардың отбасында жинақталған құндылықтар жүйесі туралы білімдерін қолдана білуі.

Біз адамдар ұстанатын келесі отбасылық құндылықтарды бөліп көрсетеміз:

- үлкендерді құрметтеу, оларды атамай, әже, әпке, әпке, қарындас сияқты ұстау;

- ата-бабаға құрмет;

- қарт адамдарға күтім жасау.

Оқушылардың өз халқының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге деген қызығушылығы оқушының эмоционалдық сферасының ерекшеліктеріне байланысты. Дәстүр бойынша, рәсімдерді орындау барысында қуанышты жағдайларды, көтеріңкі көңіл-күйді бастан кешіру барысында олар сыпайылық, эмоционалды еліктеу және қарым-

қатынас кезінде әрқашан жағымды қатынас дағдыларын игереді. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиеге деген эмоционалды қатынасы олардың қызығушылықтарын, икемділігі мен жағымды мотивтері мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады.

«Дәстүр дегеніміз күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым әлеуметтік қатынастар. Бұл қарым-қатынаста іс-әрекеттің егжей-тегжейлері айқын көрсетілген. Сыртқы жағынан қарапайым болып көрінгенімен, іс жүзінде ережелер, тәртіп бар (жігіттің этикеті, қыздың этикеті). Бұл ережелер жасына және әлеуметтік мәртебесіне қарай дараланған және үнемі қолданылуы керек деп күтілуде. Демек, әдет-ғұрыптар қалыптасады. Қазақ халқының дәстүрлері баланы іс-әрекет арқылы тәрбиелеуді қамтамасыз етеді» [27, б. 173].

Қазақ халқы арасында қарт адамға, сұр сақалды қарияға, ата-анасына, ата-әжесіне тағзым ету, есік ашу, бас киім кию, жеңілдік жасау - халқымыздың қанына сіңген ізгі де ізгі істердің үлгісі. Ересектер де осындай сыйлыққа ризашылықтарын білдіріп: «Бақытты бол, балам!» Үлкендерден бата алу үлкен қуаныш. Айналасына қарап бастауыш сынып оқушысы адамдар өмірінде маңызды қасиеттерге ие болады. Осы қасиеттерге сәйкес, бала маңызды қатынастарға қанағаттану немесе қанағаттанбау сезімін бастан кешеді және айналасындағылармен және жақын адамдарымен қарым-қатынас орнатады. «Дәстүр дегеніміз күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым әлеуметтік қатынастар. Бұл қарым-қатынаста іс-әрекеттің егжей-тегжейлері айқын көрсетілген. Сыртқы жағынан қарапайым болып көрінгенімен, іс жүзінде ережелер, тәртіп бар (жігіттің этикеті, қыздың этикеті). Бұл ережелер жасына және әлеуметтік мәртебесіне қарай дараланған және үнемі қолданылуы керек деп күтілуде. Демек, әдет-ғұрыптар қалыптасады. Қазақ халқының дәстүрлері баланы іс-әрекет арқылы тәрбиелеуді қамтамасыз етеді» [27, б. 93].

Қазақ халқы арасында қарт адамға, сұр сақалды қарияға, ата-анасына, ата-әжесіне тағзым ету, есік ашу, бас киім кию, жеңілдік жасау - халқымыздың қанына сіңген ізгі де ізгі істердің үлгісі. Ересектер де осындай сыйлыққа ризашылықтарын білдіріп: «Бақытты бол, балам!» Үлкендерден бата алу үлкен қуаныш. Айналасына қарап бастауыш сынып оқушысы адамдар өмірінде маңызды қасиеттерге ие болады.

«Шырағым», «Қарағым», «Шырақ», «Қарындас», «Інішек», «Жезде», «Нағашы» және басқалар. Сөздер - ересек адам мен бала арасындағы қатынастың ерекше құндылығының ұлттық мысалдары. Ересектер мұндай құрметке лайық. Сонда ересек пен бала арасында үйлесімді қарым-қатынас қалыптасады.

Сонымен, біз отбасылық әдет-ғұрыптар ұлттық тәрбиенің өзегі, әлеуметтік-мәдени патриоттық тәрбиенің құралы екеніне сенімдіміз, нәтижесінде патриоттық тәрбие қалыптасады.

Бастауыш сыныптарда гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы патриотизмге тәрбиеленушілер театрландырылған мерекелер мен жарыс

сәттерін, ойындарды кеңінен қолдануы керек. Бұл оқушылардың ойынға деген қажеттілігін қанағаттандырады және физикалық белсенділікті жақсартады. Ойын мерекелері оқушылардың ақыл-ойын жұмылдырады және өзін-өзі ұстау дағдыларын дамытады. Мерекенің жарқын көңіл-күйі оқушылардың санасында ерекше із қалдырады, өзіне-өзі қанағаттану және олардың іс-әрекеттерін объективті бағалауды дамытады. Нәтижесінде оқушының өзін-өзі бағалауы және патриоттық тәрбиесі оң болады. Патриоттық ойындар арқылы балалар ішкі әлемге әсер етіп, жүректерін тәрбиелеуге мүмкіндік алады. Ол үшін біз «Алтын қақпа» телевизиялық ойыны түрінде өткізілетін оқу іс-әрекетінің жоспарын ұсынамыз.

Тақырыбы: Өз халқын сүйген, оның дәстүрін сүйеді. Үлкен мен бала қарым-қатынасындағы сыпайылықты білдіретін және ерекше бір жағымды естілетін «шырағым», «қарағым», «шырақ», «қарындас», «інішек», «жезде», «нағашы» т.б. сөздер үлкен мен бала арасындағы ерекше құндылықты қарым-қатынастың ұлттық үлгілері болып табылады. Үлкендер де өз тарапынан бұндай сыйластыққа лайық ықылас танытып отырады. Содан барып үлкен мен бала арасындағы жарасымды қарым-қатынас орнығады.

Сонымен, отбасылық салт, дәстүр халықтық тәрбиенің өзегі, әлеуметтік мәдени патриоттық тәрбиені беру құралы, соның нәтижесінде патриоттық тәрбие қалыптасатындығына көз жеткіздік.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу театрландырылған мерекелер мен сайыс ойын сәттерін, ойын-мерекелерді көптеп пайдаланған жөн. Бұның өзі оқушылардың ойынға деген қажеттілігін жүзеге асырып, қозғалыс белсенділігін жетілдіреді. Ойын мерекелер оқушылардың ақыл-ой мүмкіндіктерін жұмылдырып, өзіндік тәртіп дағдыларын қалыптастырады. Мерекедегі жарқын көңіл-күй оқушылардың санасында ерекше із қалдырып, өзіне-өзі риза болуы және өз әрекетін объективті бағалауы жетіле түседі. Соның нәтижесінде оқушының өзін-өзі бағалауы, патриоттық тәрбиесі жағымды болады. патриоттыққа тәрбиелеу бағыттайтын ойын-мерекелер арқылы оқушылардың ішкі жан-дүниесіне әсер етіп, олардың жүрек тәрбиесін іске асыруға мүмкіндіктер болады. Осындай мақсатта өткізілген «Алтын қақпа» теле-ойыны үлгісіндегі тәрбиелік шараның жоспарын ұсынамыз.

Тақырыбы: Өз халқын сүйген, оның дәстүрін сүйеді.

Міндеттері:

а) Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, патриоттыққа тәрбиелеу.

ә) Сөздердің мағынасын түсіну, ойын барысында ойлау қабілетін дамыту.

б) Ашықтыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Алтын қақпаны ойнауға қажетті құралдар.

Түрі: «Алтын қақпа» ойыны бойынша жасалған

Курс: 1. Ұйымдастыру.

Мұғалім: Құрметті оқушылар! Бүгінгі «Адамдарды сүю - дәстүрлерді сүю» атты танымдық сағатта мен халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары туралы қаншалықты білетіндігінді көргім келеді. Білгенімізді еске түсірейік, білмейтінімізді білейік. Бүгін екі топ өздерін таныстырғаннан кейін мен ойынның шартын таныстырамын.

Ойынның шарты: ойынға қатысушылар сабыр сақтай отырып, ойынға назар аударады. Әр оқушы әр қақпаға байланысты сұрақтарға жауап береді. Алтын сандықтың сұрағына бірінші болып жауап берген топ алтын қорапқа сыйлық алады.

Ежелгі дала

Біздің қазақ халқы.

Біздің және басқа ұлттар

Бізде барлық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бар, - деп құлып мәселесін ұсынамын.

«Сүйінші» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

Жақсы жаңалықтар, жақсы жаңалықтар келе жатыр. «Сәттілік! Құттықтаймыз!» Қалағаныңызды алыңыз », - деді иесі қуанышты жаңалыққа қуанып. Бұл нағыз қуаныш пен ризашылықтың белгісі.

Күміс қақпа туралы сұрақтар:

1. Аманат - бұл бір адамның сақтауға беретін заты. Кепілді асыра пайдалануға болмайды. Бұл өте ауыр күнә деп саналады.

2. Бастау - ақсақалдар үйден шыққан кезде ауыл жастары үйге жиналып: «Жолда жолаушылар бас ауырсын, бастаңыз», - дейді. Идеясы - жастардың көңіл көтеріп, бір үйге жиналуы.

Алтын қақпа туралы сұрақтар:

1. Қымызмұрындық - мамырдан маусымға дейін созылатын жазғы үйлену тойы. Бұл кезде мал жайылады, бие биеге байланып, қымыз жиналады, туыстары бірін-бірі қымызға шақырады. Олар Құран оқиды, мал сояды, түрлі ойын-сауықтар мен жарыстар ұйымдастырады, сонымен қатар түрлі мерекелер өткізеді.

2. Көгентүп - жақын туыстарының, туысқандары мен достарының баласына ескерткіш ретінде сыйға тартылатын жануар (қозы, қой, бұзау, құлын, бот). Егер бұл оқушыға сыйлық немесе қуаныш болса, бұл оның ата-анасына деген құрмет. Мал шаруашылығымен айналысатын ауылдардың әлі күнге дейін жасыл желекті пайдаланатыны жақсы дәстүр.[197].

Мұғалім ойын қорытындысын шығарады және жеңімпаздарға батасын береді:

Атаңның иықтысы бол,

Анаңның сүйкімдісі бол.

Халқыңа қадірі асқан

Мәртебесі биік кісі бол.

Әумин! [151-157]

Бастауыш сынып оқушысы танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде өте белсенді. Осылайша, олар қоршаған әлемді, басқа адамдарды және тіпті

өздерін білгісі келеді. Ол көптеген таныс емес сұрақтарға жауап іздейді және оны мектепте табатынына сенімді. Өйткені, ересектер одан «қайдан келді?» Деп сұрайды. «Неліктен?», «Неге?» Деген сұрақтарға ол: «Сіз оқушы болып, мектепке барған кезде білетін боласыз», - деп сендірді. Сонымен бірге бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде гуманитарлық пәндерді бастауыш пәндеріне оқыту арқылы оқушылардың бойына патриоттық сезімді ояту мақсатында халқымыздың наным-сенімдері мен ырым-тыйымдарын әр оқушы үшін ішкі ынталандыруға айналдыру ерекше орын алады. мектеп. ... Өйткені, ғұрыптар мен тыйым сөздер - біздің халқымыздың ғасырлар бойғы санамызға сіңген бай дәстүрлерінің бірі. Жақсылық пен жамандыққа тыйым салу нышандарымен байланысты ырымдар - бұл бастауыш сынып оқушылары тани алатын құндылықтар деп санаймыз. Ахмет Байтұрсынов, біздің тәлімгеріміз: «Егер сіз ырымшылдықпен айналыссаңыз, шыншыл болыңыз, өзіңізді жамандықтан сақтаңыз», - деген. Мұндай ғұрыптар мен тыйымдардың оқушыға тәрбиелік мәні зор. Оған оқушының салт-жораларды білуі, өзінің ата-баба дәстүрін жалғастырушы екендігімен сезінуі тән. Бастауыш сынып оқушысы танымдық әрекеттің субъектісі ретінде жоғары белсенділік көрсетеді. Сөйтіп олар өздерін қоршаған әлемді, басқа адамдарды, тіпті өзін де тануға ерекше ықылас білдіреді. Ол көптеген өзіне таныс емес сұрақтарға жауап іздейді және осы жауаптарды мектептен табамын деген сенімі мол болады. Өйткені, ересектер оған «қайдан шықты?» «не себепті?», «неге бұлай» деген сұрақтарға : «Оқушы болып, мектепке барған соң білесің» - деп сендірген. Осы ретте бастауыш мектептің тәрбие үдерісінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу үшін ұлтымызға тән наным-сенім, ырым-жоралғыларын әрбір оқушының ішкі стимулына айналдырудың өзіндік орны ерекше.

Мысалы: «Ей адамдар, ... Тегінде атасы баласына сүйеу бола алмайтын, баласы да атасына көмектесе алмайтын күн болатынынан сақтаныңдар...», немесе «Ананың сүтін емген азамат та, сүттің бағасын білген пенде де, ең алдымен жақсы жүрек, жайдары да мейірімді жан, таза рух, келісімді мінез-құлық, қасиетке толы салт-сана, ақыл-парасат, адалдық, инабаттылықты бойына қалыптастырған адамдар болады» (Пайғампар хадистері).

Осы ретте ойымызды профессор К. Қожахметованың мынадай тұжырымымен түйіндейміз: «Қазақ халқы өзінің ерекшелігін сақтап қалғысы келді. Дін рухани бірліктің негізі ғана болған жоқ, сонымен қатар ұлттық рухтың құрамды бөлігі ретінде қарастырылды. Имандылықты жоғалту, ұлтты жоғалтумен теңбе-тең болды» [52, б 79].

Сонымен, біз бастауыш мектептің тәрбие жүйесінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әсер ететін жұмыс түрлерінің, құралдары мен әдіс-тәсілдерінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында байқадық. Келесі кезекте бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде

оқушылардың патриоттық тәрбиесінің қалыптасу динамикасын қарастырамыз.

2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді жүзеге асырудың тиімді әдістерін зерттеуге арналған педагогикалық тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың патриоттық тәрбиесінің қалыптасу көрінісі ретінде халқымыздың патриоттыққа тәрбиелеудің мәнін ұғынатындығы және патриоттық тәрбие білімдерінің маңыздылығын түсініп, оны қажетіне қарай өз бетінше қолдана алатыны анықталды. Сондай-ақ, өз іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын қалыптасқан патриоттық тәрбие қатынасына сай реттеп отыратынын байқадық. Бастауыш сынып оқушысының патриоттық тәрбиесі олардың патриоттық тәрбие нысандарды іздеуі, бағалауы, таңдауы, көшіруінің тұтас жүйесі ретінде қарастырылды.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу көрсеткіштері алдыңғы тараудағы теориялық негізделген өлшемдерге сүйеніп, мұғалімнің күнделікті жұмысында әдістемелік құралды қолдануы арқылы және оқушы әрекеттерін байқау, әңгіме өткізу, жұмысты талдау, өзіндік көзқарас туғызу және педагогикалық-психологиялық тестілер, жаттығулар, сауалнамалар жүргізу, шығармалар жаздыру әдістері көмегімен анықталды.

Бастауыш сыныпта гуманитарлық пәндер негізінде оқушыларға патриоттықты танып-білген, сезінген және қабылдаған құндылықтық түсініктеріне сәйкес патриоттық тәрбиені іздеу, бағалау, таңдау нәтижесінде өз мінез-құлықтарын сол негізде реттеп отыруға, ұлт өкілі ретінде өзін-өзі жетілдіруді саналы түрде қажетсінуге қол жеткізді. Оқушылардың құндылықтық басым бағытын анықтау үшін «Мен және менің өмірімнің маңызы» әдістемесін(құрастырған А.А. Андреев., Е.Н. Степанов) бастауыш сыныпқа икемдеп пайдаландық. [109, б. 125].

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі де кешенді жұмыс. Сондықтан біз қалыптастыру жұмыстарын үш кезеңге бөліп қарастырдық.

Бірінші кезеңде – бастауыш сыныптағы сабақтар мен тәрбие шараларында осы жас кезеңіндегі оқушылар білуге тиісті патриоттық тәрбие ұғымдарды меңгерту бағытындағы жұмыстардың кешені.

Екінші кезеңде – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының жан-дүниесіне әсер ете отырып, олардың бағалау, талдау қызметінде патриоттыққа тәрбиелеу негіздегі мотивтер мен қажеттіліктерді туғызуға көмектесетін жұмыстар кешені.

Үшінші кезеңде – оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеу ұмтылысы мен оларды таңдаудағы белсенділігін, өз мінез-құлықтарын патриоттық тәрбие негізде реттеу біліктілігін арттыру.

Педагогикалық тәжірибенің қалыптастыру бөліміндегі жұмыстардың айқындалған қорытынды нәтижелері тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы, тәрбиелік ықпалдардың бірлігі, тұлғаға бағытталған, жас және дара ерекшеліктерді ескеру қағидаларына сәйкес бастауыш мектепте патриоттыққа тәрбиелеу деңгейінің жоғарылағанын көрсетті. Сондай-ақ, бұл бастауыш сыныптардағы жүргізілетін пәндер негізіндегі факультативтік курс пен тәрбие жұмыстарының белгілі бір бағыттар бойынша жүйеленіп өткізілуінің нәтижесі деп есептейміз.

Біз оларды былай топтауды жөн санадық:

- оқушылардың Отан, туған жер, отбасы құндылықтарын меңгеруге, туысқандық қарым-қатынас құндылықтарын тереңірек білуге ұмтылыстары күшейді. Сондай-ақ, олар өздерін ұлт өкілі ретінде сезініп, халқымыздың салт, дәстүрлері туралы білгенін қосымша ақпараттармен толықтыруға талпынады.

- бастауыш сынып оқушылары патриоттық тәрбие жөніндегі білімін үнемі толықтырып отыруының нәтижесінде қарым-қатынастағы туыстық нормалар туралы білімдері толығырақ түсті. Ұлттық салт, дәстүрлерді біліп қана қоймай, оларды патриоттық тәрбие ретінде таныды.

- әдет-ғұрып, салт, дәстүрлерді қастерлеп оны өз өмірінде қолданып отырады. Өз мінез-құлқының нақты мақсаттарын патриоттық тәрбие қатынас негізінде анықтай алады.

- әдебиеттік оқудың құндылықтарын меңгеруге қызығушылық таныта отырып, оның байлығын меңгерудегі жетістіктерін күнделікті тәжірибеде сауатты пайдалана алуға қол жеткізді. Әдебиеттік оқудың білімнің қайнар көзі мен таным құралы ретіндегі, қарым-қатынас құралы ретіндегі құндылығын саналы ұғынуы жүзеге асты.

- еліміздің тарихи тұлғалары мен ел тарихын, рәміздерін қастерлеп, олар туралы білімдерін жүйелі түрде толықтырып отыруға қызығушылық танытады және патриоттық тәрбие ретінде мақтан тұтады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында теориялық бөлімде белгіленген мотивациялық-құндылық, мазмұндық, әрекеттік мінез-құлықтық, бағалау- нәтижелік бөліктердің әрқайсысы бойынша жеке-жеке бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу деңгейін қарастырдық. Бұл мәліметтер аталған бөліктердің құрауыштарын айқындайтын әдістеме, сауалнамаларды пайдалану арқылы алынды.

Мысалы мазмұндық компоненттерін анықтау мақсатында төмендегідей сауалнама жүргізілді:

1. Отан, туған жер ұғымдары туралы не білесің?
2. Өз ауылың немесе қалаң туралы не білесің?
3. Бауырмалдық, туысқандық жайында не білесің?
4. Үш жұрт, жеті ата туралы не білесің?
5. Салт, дәстүрлер туралы не білесің?
6. Басқа ұлттың қандай салт, дәстүрлерін білесің?

7. Әдебиеттік оқунда сөйлеу ұнай ма? Басқа қай тілді білесің?
8. Ел рәміздеріне не жатады?
9. Еліміздің әнұранын жатқа білесің бе?
10. Халқымыздың ұлы тұлғаларын ата.

Патриоттық тәрбие жұмысының бұл бөлігінде оқушылардың білім көлемі, саналы ұғынатын, қабылдау мүмкіндіктеріне сай патриоттық тәрбие жүйесі қарастырылды.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу барысында енгізілген қосымша мәліметтердің жүйелі түрде берілуі өз нәтижелерін көрсетті. Біз құрастырған «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» деп аталатын факультативтік курсы мен «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» атты электронды оқу құралы бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді жүзеге асыруға елеулі өзгерістер әкелді. Оқушыларға ұсынылатын жаңа мәлімет мазмұны электрондық оқу құралындағы аудио-визуалды материалдармен толығып отырады, сондықтан патриоттыққа тәрбиелеуге негіз болатын ақпаратты іздеу, бағалау, таңдау тетіктері іске қосылады. Сөйтіп мұғалім мен оқушының өзара әсері қойылған мақсатқа жетудің тиімді жолдарын таңдаумен ерекшеленіп отырды. Осылайша білімнің бастауыш сатысында оқушы қызығушылығын қанағаттандыратындай мұғалім мен оқушының ынтымақтастығына негізделген педагогикалық ортада мұғалім (үйрету) мен оқушының (оқып-үйрену) өзара байланысты іс-әрекеттерін ақпараттық технология элементтерін пайдалану арқылы ұйымдастыра отырып, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу нәтижелілігі анықталды. Мәселен, мұғалімнің сабаққа дайындалу кезінде қосымша ақпараттар іздеу, оларды сұрыптау, көрнекі құралдар мен тапсырмалар дайындау т.с.с. әрекеттерінде оң жаңалықтар байқалса, оқушылардың да өз бетімен іздену, өзіндік ой-пікір білдіру, дербес тапсырмаларды орындауда өз тұлғасын өзектендіруі олардың тұлғалық өсуіне әсер етіп, патриоттыққа тәрбиелеу негізін салды. Электронды оқу құралында сол жастағы оқушының рухани өзгерістері, таным мүмкіндіктері ескеріліп, оны жетілдіру қарастырылды. Сондай-ақ оқу құралымен жұмыс жасауда интерактивті іс-әрекет оқушының өзіне керекті құнды мәліметтерді гипермәтін материалдарынан, суреттерден, тапсырмаларды орындаудан алатындай етіп ұйымдастырылған. Тақырыпқа сәйкес әндер мен қазақ тілілік шығармалар да берілген.

Мысалы мынадай гипермәтін материалын ұсынып, осы мәтінге тағы да қандай мәлімет қосуға болатынын сұрау арқылы оқушылардың пән сабақтарында алған мәліметтерін қолдана білуіне көмектесуге болады.

Нұр-Сұлтан қаласы - Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік және мәдени орталығы. Елбасы Н. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1997 жылы мұнда бұрынғы Астанамыз Алматыдан республиканың басшы

орындары көшіп келді. Елімізді басқару жұмыстары осы жерден жүзеге асырылады. Қала Есіл өзенінің оң жағалауында, Сарыарқанын солтүстік бөлігінде орналасқан. Салт, дәстүрлерге арналған бөлімді «Асыл қазына» деп атай отырып, қазақ халқының ұлттық келбетін айқындайтын дәстүрлер туралы білімдерін молайту көзделді. Мұнда да шағын мәтіндер берілген. Мысалы: Қонақжайлық, меймандостық – ата салтымыздың ішіндегі ең бір мақтауға тұрарлық мәнді түрлерінің бірі. Қазақ меймандостығы ерекше, ата-бабаларымыз бұл жағынан алғанда басқаларынан көш ілгері тұрған. Қонақжайлықтың ең үлкен белгісі ең дәмді тағамын, шай-қантын қонақ келіп қала ма деп сақтаған. Халқымыздың қонақжайлылық, меймандостық салтында дәм-тұзға ерекше мән берген. Осы мәтінге қосымша дәм татыру дәстүрін көрсететін сызба ұсындық. «Қазақ отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы бар. Үлкенді сыйлау, қонақжайлық, айтқан ақылдарын тыңдау, кішінің тіл алғыштығы. Үлкендер - кішіге ақылшы, қамқоршы. Кіші – көмекші. Үй ішіндегі әр адам өз шама-шарқына қарай еңбек етеді». Бұл мәтін мазмұнын балалар одан әрі дамытып, толықтырулары қажет. Ел рәміздері модулінде мәтіндік материалдармен қатар бейнелік, қазақ тілілік материалдар бар.


Бұл жұмыстардың нәтижесін талдау үшін барлық қызмет кезеңдерін бақылап, бағалау қажет болады. Күтілетін нәтиженің қорытындымен сәйкес келуін бақылау үшін мониторинг әдісін пайдаландық. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасуының қосымша өлшем көрсеткіштері ретінде Б. Блумның білу, түсіну, бағалау, қолдану деңгейлері берілді. Бұл патриоттыққа тәрбиелеу тетіктеріндегі іздену, бағалау, таңдау, көшіру сатыларына сәйкес. Жүргізілген педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар барысында оқушылардың патриоттық тәрбиесінің біршама қалыптасып, патриоттыққа тәрбиелеу туралы түсініктерінің кеңейгенін және осыған сәйкес құндылықтық бағдарларының айқындала түскенін байқадық.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мазмұнына сәйкес, біз эксперименттік және бақылау сыныптарындағы оқушылардың жалпы патриоттыққа тәрбиелеудің қалыптасу динамикасын да бақылап отырдық. Оның нәтижелерін төмендегі кесте мен диаграммадан көруге болады.

Кесте 12 - Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің динамикасы (%)


Деңгей	1 кезең		2 кезең		3 кезең	
Сынып	Эксп. сынып	Бақыл. сынып	Эксп. сынып	Бақыл. сынып	Эксп. сынып	Бақыл. сынып
жоғары	21%	17,5%	32%	19%	41 %	19%
орташа	47%	47,2%	49 %	47%	50 %	46%
Төмен	32%	35,3%	19 %	34%	9 %	35%

Эксперимент тобы нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесі қалыптасуының өзгеру динамикасы 8 - суретте беріледі.



Сурет 8 - Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесі қалыптасуының өзгеру динамикасы (эксперимент тобы)

Бақылау тобы нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесі қалыптасуының өзгеру динамикасы 9 - суретте беріледі.



Сурет 9 - Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесі қалыптасуының өзгеру динамикасы (бақылау тобы)

Кесте мен диаграммадан көрініп тұрғандай эксперименттік топтарда патриоттыққа тәрбиелеу деңгейі төмен оқушылардың саны 32% -дан 11%-ға кемісе, орташа деңгейдегі оқушылар саны 47%-дан 50%-ға өссе, жоғары деңгейге көтерілген оқушылардың саны 21%-дан 39 %-ға артқанын көреміз. Ал бақылау топтарында көп өзгеріс байқалмайды.

Демек, бастауыш білім мазмұнындағы қамтылған патриоттыққа тәрбиелеу нысандардың патриоттыққа тәрбиелеу тетіктерін есепке ала отырып жүргізілуі және бұл жұмыстардың тиімді әдіс-тәсілдер арқылы іске асырылуы өз нәтижесін берді. Жоғарыдағы динамиканың көрсеткіштеріне нақты түсінік беретін болсақ, педагогикалық-тәжірибе кезіндегі сыныптан тыс жұмыстар мен пән сабақтарының мазмұнына қосымшалар енгізудің және ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігін айтқан жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, «Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс қай кезде болмасын өзінің өзектілігін жоймайтындығын зерттеу барысында оның нысаны, пәні, мақсаты, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, дерек көздері, зерттеудің әдістері мен негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық мәні және қорғауға ұсынылатын қағидалары баяндау барысында байқадық.

«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде оқу үдерісінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің тарихи-педагогикалық алғышарттары, гуманитарлық пәндер арқылы оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеуде бастауыш білім беру сатысындағы өзіндік ерекшеліктері, бастауыш мектептегі гуманитарлық пәндерінің негізінде бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу әлеуеті анықталды, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық моделі жасалып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері берілсе. «Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі» атты екінші бөлімде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу жұмысының мазмұны мен әдістемесі сипатталды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған факультатив курсының бағдарламасы және электронды оқу құралының практикалық мәні көрсетілді. Педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі, әдістемені іске асырудың тиімділігі негізделіп, ұсыныстар берілді.

Қосымшада зерттеу мазмұнына қатысты жұмыстардың барысында үлгілері әзірленген материал ұсынылған. Педагогикалық - тәжірибелік жұмыстар Талдықорған қаласы №16 орта мектеп гимназиясы КММ және Алматы облысы Алакөл ауданы Токжайлау орта мектебі КММ жүргізіліп, оқу үдерісіне зерттеу нәтижелерін енгізу актілері ұсынылды.

Сонымен педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар барысында қол жеткен нәтижелер төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесін даярлау және оның

тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

Теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыс нәтижесінде бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында төмендегідей *ұсыныстар* жасалынды:

- Бастауыш мектептің оқу мазмұнын анықтайтын гуманитарлық пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтарға талдау жасау арқылы олардың патриоттыққа тәрбиелеу мүмкіндіктерін айқындап, тиімділері таңдалып, жүйеленді және бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әсер ететін шағын мәтіндер топтамасын жасау.

